

Ұлттық киімнің негізгі сәндеушісі – ою-өрнек

РЫСМУРАТОВА БЕЙБИТКУЛ ЕРГЕШБАЕВНА

Павлодар облысы Железин ауданы «Жаңа жұлдыз ауылының жалпы орта білім беру мектебі» КММ. Көркем еңбек мұғалімі

Қазақ ұлттық ою-өрнегінің бірнеше ондаған ғасырлық тарихы бар.

Атадан балаға, ұрпақтан ұрпаққа мұра болып, үнемі қолданыста болып, дамып келе жатқан өнер түрі. Қазақ халқының тұрмысында ағаштан жасалған заттар өте көлемді. Жазы-қысы пайдалануға келетін «ағаш уықты, киіз туырлықты» киіз үй киіз бен ағаштың өте күрделі үйлесінен тұрады. Тігуге де, жинауға да, алып жүруге де өте қолайлы осы мүлікте ою-өрнек қолданылмайтын бөлшек жоқтың қасы. Ою-өрнекті жақсы саналы жасау үшін алдымен пайдаланатын материалды дұрыс тандай білу қажет, оның ою-ырғағы мен мөлшерін, яғни оюдың заттың бетіне түсуі мен орналасуын нақты жобалау қажет. Оюдың жақсы шығуы оюшының ой ұшқырлығында, шеберлігі мен оюдың ретін келтіріп үйлестіре білуінде. Ою-өрнектің қандай түрі болса да, ол – адам ойының жемісі. Ою-өрнек бір-бірімен қабысып, жымдасып, ескен арқандай бірігіп тұруы керек. Ара жігі бадырайып, үйлеспей, олпы-солпы болса, ою өзінің сәнін, сұлулығын, үйлесімін тіпті мазмұнын жоғалтуы мүмкін. Қазақ ою-өрнегі қошқар мүйіз түрінен бастау алатындықтан қандай ою түрін жасағанда да осы ою түрі басты көрініс табуы қажет. Басы қошқар мүйіз оюынан бастау алған өрнек дами келе неше алуан түрге еніп, ара жігі әр түрлі ою-өрнектермен толыға келе, үлкен күрделі ою түрі шығады. Ою тасы қошқар мүйіз бастаған өрнек түрлері бір-біріне үйлесе сән бере келе бірігіп, жымдасып, байланыс пен сәндік тауып жасалатын ою түрін әрлендіре түседі. Табиғаттағы әсем гүл шоғырындай ою-өрнекте өз шеберін тапса, жарасып, құлпырып, көз тартып, көзге қуаныш, көңілге жылылық, ортаға әсемдік, сұлулық шашып тұрары анық. Біздің ата-бабаларымыз осындай өнер түрін өзінің шырқау шыңына жеткізе білген.

Менің түсінігімде ою-өрнек дегеніміз – дәлдік, есеп, теңдік, теңеу, үйлесім, жарасым, сәндік, көркемдік, сәйкестік, тазалық, нәзіктік, сүйкімділік, парасаттылық, жылылық, сұлулық, ойлылық, ақылдылық, зеректік, көңіл-күйдің жақсылылығы, шабыт береді, ептілікке, іскерлікке, шеберлікке, икемділікке, дәлдікке баулиды, тәрбиелейді. Өнерге деген махаббат, сұлулыққа деген ғашықтық, құштарлық жинағы. Ою ойған адамның жүрегі жылы, нәзік болады.

Қошқар мүйіз – ою-өрнегі – байлық пен молшылықтың нышаны. Қошқар мүйіз бен арқармүйіз оюларының қазақ қолөнерінде қолданылмайтын жері жоқ.

Қошқар мүйіз оюымен қатар әр заттың көлемі, сәнділік, пайдалану деңгейіне қарай әр алуан жапырақ тектес, бітпес оюлар салынады. Бұл өрнектер «иірім», «шиыршық», «иық», «үшкіл», «түйе табан», «қос ирек», «жұлдыз гүл» т.б. аттарымен аталады.

Қолөнер шеберлері ою-өрнекті әр заттың өзіне лайықтап, жарасымын, үйлесімін, сәнін тауып жасаған. Жасаған затпен ою-өрнек бір-бірімен өте сәнді қабысып, шынайы көркемдік беріп отырған. Ою-өрнек түрлері өте нәзік түрде түскен. Жалпы ою-өрнек жасаушы шебер оюды олпы-солпы болудан сақтауы, әсемдігіне жеткізе білуі керек. Өнер зерттеушілерінің пайымдауынша қазақ ою-өрнегі үш түрлі ұғым негізінде туған деген қорытынды бар:

1. Қазақ халқының өзіне тән ертеден келе жатқан ұлттық оюлары.
2. Басқа халықтардың мәдениетінен ауысқан.
3. Уақытқа қарай бейімделу.

Ертеден қазақ ою-өрнегі мазмұны жағынан үш түрлі ұғымды бейнелейді:

1. Мал өсіру мен аңшылық.
2. Жер-су, көшу-қону.
3. Заттардың сыртқы бейнесі.

Осылардың қайсысында да қошқар мүйіз оюы қолданылып араласып отырады. Ою, сызу, бедерлеу ру, тайпалардың таңбаларында, малдың ең таңбасында, ай, жұлдыз, аспан әлемін тұспалдауда орын алады. Шеберлер сүйекті ойған, ағашты иген, тасты қашаған, мүйізді балқытқан, металды өндеген. Әсемділікті таңдай да, жасай да білген. Осындай әсемдікті таңдай білген хас шебер оюшы зергеріміз осы ою-өрнекке бояу түрлерін пайдалануды да жете меңгерген. Халқымыздың ою-өрнектерінде басым түс ақ пен қара болып келеді. Бұл ою-өрнектің ең шешімін тапқан жарасымды түрі болып есептеледі.

Ою-өрнектің тұрмыста пайдалану ауқымы өте кең. Оюдың жекелеген тармақтарынан бастап үш түр, төрт түр, бес түр, алты түр, т.б. тармақтарынан әрі қарай өрбіп, кеңейе беретін күрделі оюлар да біздің ұлттық дәстүрімізде тұрмыста үнемі қолданыс тауып келген. Халқымызда жазу болмағанда ою-өрнек болды. Сол ою-өрнек арқылы халқымыз өз тыныс-тіршілігін, мәдениетін, өнерін, мәдени құндылықтарын жоғары деңгейде дамыған тұрмыстық қажеттіліктерін ұрпақтан ұрпаққа жеткізіп, дамытып отырды. Келешек ұрпақ мақсаты осы киелі өнерді әрі қарай дамыта отырып көздің қарашығындай сақтау. Осы салада отыз жылдан аса уақыттан бері ұлттық ою-өрнекті дамытумен айналысып келе жатқан менің басты мақсатым – мүмкіндігінше ұлттық нақыштағы ою-өрнекті зерттей отырып, нәзік те күрделі өнердің сырын ашу, жасалу жолдары мен оны тұрмыста пайдалану реттерін өнерпаз жастарға ұсыну.

Қажетіне жаратамын деген талапкерге көмектесу, ұлттық мемлекеттік деңгейдегі мәдениетімізді дамытуға үлес қосу, сол арқылы ұлтымыздың мәдени өнерін басқа елдерге насихаттау, тұрмыстық заттар шығаруды өндіріске енгізу, оқулықтар шығару, зергерлік қолөнерді дамыту жолдарын оқырманға қарапайым тілмен түсіндіру, құзырлы орындарға ою-өрнекті дамыту туралы өз ұсыныс, пікірімді жеткізу. Ою-өрнекпен айналысқан отыз жылдан аса уақыт ішінде ешқандай ою түріне қарамай ұлттық бағыттағы басты ою түрі «қошқар мүйіз» айшығын сақтай отырып, бір жарым мыңдай үлкенді-кішілі, ірілі-уақты әр түрден ою түрлерін жасадым.

Басты мақсат – қошқар мүйіз оюын дамыту, сұлу, сәнді, икемді оюлар шығару. Бұлардың ішінде алуан түрлі күрделі оюлар да, шағын оюлар топтамалары да, зергерлік бұйымдарға арналған түрлері де бар. Мақсат жасалған оюлардың жасалу ерекшелігін толық түсіндіре отырып, пайдалану жолдарын ұсыну, оюдың өндіріске енуіне ықпал жасау. Қазақ халқының ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрлі киім түрлері өзгеріске ұшырады.

Ұлттық киімнің бояуын, түсін өзгерткенмен түрін, пішінін өзгерту дұрыс емес. Бұл біздің қазақ ұлтына тән ерекшеліктегі ою-өрнек, кие қасиет. Осы киіммен халқымыз тарихи дәуір өткізген, досы, қасы да таныған. Ғасырдан ғасырға дамыған ою-өрнек тілінен шеберлер ойын да, көңіл күйін де, уақыт жағдайларын да жеткізе білген. Әр шебер өзі жасаған ою-өрнегінің қандай ою түріне ұқсайтынын, қандай ат лайық екендігін және ою-өрнекті қай затқа қалай пайдалану керектігін дәл де нақты білген. Әрбір күрделі оюдың өсімдік тамыры іспеттес түбі, түбірі, діңі, тамыры болады. Бұл менің өз ұғымым.

Түбірінен бастап өрбіп жайылып, ерекшеленеді, бір-бірімен астасады, сәнді шеңбер жасай отырып «табақ» тектес күрделі ою құрайды. «Табақ» ою түрі – жиегіне су жүргізіп ішіне алуан түрлі ою салу. Қазақ халқының тұрмысындағы көп қолданылатын оюдың атасы қошқар мүйіз өрнектері сан алуан. Өте ұсақ түрлері зергерлік, кестелік, сүйек, мүйіз сияқты нәзік істерде қолданылса, ірі түрлері сырмақ, кілем, текемет, түскиіз, алаша, сәулет өнеріне, тұрмыстық заттарға кең қолданылады. Ою-өрнек тұрмыстық заттармен қатар құлпытастарға да салымды. Ер адамға құлпытас тұрғызылса, найза, айбалта, ұсталықпен айналысса, құрал-сайман суреттері қашалған. Ал әйелдерге құлпытас тұрғызылса, алқа, сырға сияқты күміс әшекейлер, үкілі сәукеле тағы да басқа заттар бейнеленген.

Ғалымдардың зерттеуі бойынша ою-өрнек үш топқа бөлінеді:

1. Өсімдік тектес (жапырақ, үш жапырақ, ағаш).
2. Зооморфтық (жан-жануарлар).
3. Космогониялық өрнек (дөңгелек, ирек, шимай, тор көз).

Осы ою-өрнек түрлерін қажетті орнын тауып пайдаланған зергер, оюшы шеберге үлкен көмек болары анық.

Мемлекеттік деңгейде мәдени мұра бағдарламасы бойынша қамқорлық жасаланып, оқушыларға, студент жастарға қолөнер сабағына пайдалануға шағын журналдар шығарылса, қолөнер түрлері мектепте пән ретінде өтсе, жастардың келешекте іскерлігіне, ұлттық мәдениетті сүюіне ықпал жасары анық.

Оқушыларға ұлттық нақыштағы киім үлгілері ұсынылса, оқу құралдарының безендірілуіне ою-өрнек кең көлемде ұсынылса, шеберлер даярлайтын арнаулы оқу орындары ашылса, ұлттық қолөнер дамыған болар еді.

№ Q00073 16.02.2022 ж

Ас атасы - нан

ҚАЛАУБАЕВА ЖАНАР ӘДІЛЖАНҚЫЗЫ

Атырау қаласы №3 "Қарлығаш" бөбекжай бақшасының тәрбиешісі

Мақсаты: Нанның адам үшін маңыздылығы,нанның бидайдан жасалатынын,оның дастарханға үлкен еңбек нәтижесінде келетіні,бидайдың өсуі,нан пісіру кезеңдері,бидайдың құндылығы туралы түсінік беру.

Шаттық шеңбер:

Қайырлы таң,ұстазым.

Қайырлы таң,достарым

Шеңберге тұрайық

Жылулық сыйлайық

Доброе утро,учитель

Доброе уторо,друзья

Посмотрите друг на друга

Пожелайте добра.

Тәрбиеші:Балалар қазір жылдың қай мезгілі?

Балалар:Күз

Тәрбиеші:Жарайсыздар балалалар.

Осы күз мезгілінде неше ай бар?

Балалалар:үш ай қыркүйек,қазан,қараша.

Тәрбиеші:Жарайсындар балалалар.Ендеше мен сіздерге жұмбақ жасырамын.Шешуін тапсаныздар бүгінгі ерекше оқу қызметіміздің тақырыбы жұмбақтың тақырыбына сай келеді.

Жұмбақ:

Күрең қызыл түсі бар,
Тағамдардың асылы
Қуат берер күші бар.

Жауабы: «Нан»

Слайд:

Дұрыс айтасындар балалар, жұмбақтың жауабы нан. Бүгінгі біздің ашық оқу қызметіміздің тақырыбы ас атасы-нан екенін білдік. Қазір осы наның қайдан, қалай келетінін білетін боламыз.

Тосын сый:

Наубайханашы келеді: Сәлеметсіздерме балалар. Мен сіздерге өзімнің наубайханамдығы ұнан дайындалған тағамдармен таныстырайын деп келдім.

Тәрбиеші: Сәлеметсізбе! Қош келдіңіз. Балалар ендеше бізге келген қонақпен амандасып алайық.

Балалар: Сәлеметсізбе!

Тәрбиеші: Ендеше балалар жақсы көңіл күймен наубайханашы апаймен тәтті тағамдармен танысуға барайық.

Ой қандай керемет, жұпар иіс. Балалар сіздерге тәтті иіс сезіле ме?

Наубайханашы: Міне менің наубайханамда тәтті бауырсақ, нан, тоқаш дайындалады. Бұл тәтті тағамдар өте көп күш жұмсаумен дайындалады. Қане балалар маған назар аударыңыздар. Мынау тоқаш, тоқаш үлкен-кіші болып піседі. Бұның дәмі тіл үйретін тәтті. Ал сіздер білесіздерме мына тоқашты пішіні қандай ?

Балалар: Дөңгелек.

Наубайханашы: Дұрыс айтасындар балалар. Ендеше мына жердегі жұмсақ бауырсақтың пішіні қандай ?

Балалар: Төртбұрыш.

Наубайханашы: Ой тамаша қандай ақылды балаларсыздар!

Тәрбиеші: Ендеше балалар орынмызға жайғасып геометриялық пішіндер арқылы тәтті печеньелерді ұяшыққа орналастыру арқылы ойын ойнаймыз. Ендеше барлығымыз назар аударамыз. Мен сіздерге геометриялық түрлі түсті пішінді беремін сіздер сол арқылы орындарыңызға жайғасыңыздар. Жарайсындар балалар ендеше орнымызға жайғасып алдымыздағы тапсырманы орындайық.

Дидактикалық ойын: «Тәтті печеньелерді ұяшыққа орналастыру»

Сергіту сәті:

Нан қиқымын шашпаңдар,
Жерде жатса баспандар.
Теріп алып, қастерлеп
Торғайларға тастаңдар.

Нан туралы тыйым сөздер:

Г.Кәусар: Нанды аяқ астына тастама.

Амина: Дәнді шаппа,нанды баспа.

Мақал-мәтел:

Амина. Диханды әнге бөлейтін нан.

Қ.Кәусар. Нан қадірін аштықта,білесін.

Асылым: Нан болса ән де болады.

Диар:

Нан астығын жинаймын

Елге астық сыйлаймын.

Айкөркем:

Ынтымақ көптің батасы.

Асылым:

Ақ қар көп болса,

Ақ нан көп болар.

Нұрали:

Дастарханда нан жоқ

Тамақта мән жоқ.

Имран:

Адамнан үлкен ат жоқ

Нанан үлкен – ас жоқ.

Таймас:

Қоныс көркі-там

Дастархан көркі-нан.

Тақпақ:

Гүланыз:

Нан ардақты асыл ас

Аттасамас оны кәрі жас.

Ақ дастархан үстінде.

Қол жумай оны ұстамас.

Имран:

Ей,балалалар,балалар.

Болмандар,сірә,нанға тар.

Өмірдің алтын арқауы.

Бар қасиет нанда бар.

Наубайханашы: Ой балалар сіздер қандай ақылды балаларсыздар.Сіздер пішінді де таный білдініздер,мақал-мәтелді де тыйым сөзді де біліді екенсіздер.Ендеше сау болыңыздар мен өзімнің наубайханама кететін уақыт келді.Мына тәтті себет толы тағамдарымды сендерге сый ретінде табыстаймын.

Тәрбиеші:Сау болыңыз сізге рахмет.

Қортынды:

Тәрбиеші:Балалар біздер көңілді экранан наның қалай пайда болатынын білдік,ендеше күз айында не піседі?

Балалар:бидай

Тәрбиеші:Дұрыс аитасындар балалар.Бидайдан не жасайды?

Балалар:ұн.

Тәрбиеші:Ұнан не піседі?

Балалар:Тәтті бөліштер,тоқаштар.

Тәрбиеші:балалар бізге қонаққа кім келді?

Балалар:Наубайханашы апай

Тәрбиеші:Наубайханашы апай нелермен таныстырды?

Балалар:Тәттілер.

Тәрбиеші:Ол жердегі тәттілердің пішіні қандай болды?

Балалар:Төртбұрыш,үшбұрыш,дөңгелек.

Тәрбиеші:Ендеше балалар наубайханашының берген тәттілерін алып тобымызға барайық.Сау болыңыздар!

№ Q00072 16.02.2022 ж

Күзгі бақта

МЫҢБАЕВА ҚАЛИМАШ ТУРАКБАЕВНА

Атырау қаласы №3"Қарлығаш" бөбекжай бақшасының тәрбиешісі

Мақсаты: Балалармен бірге саяхатқа баруды ұйымдастыру.Күз мезгілінің ерекшеліктерін айта отырып ,бақта өсетін көкөністерді де таныстыру. Олардың денсаулыққа пайдалы екенін ескере отырып түсін,пішінін айыра білуге үйрету.Ұлттық дәстүрді пайдалана отырып өлең ,тақпақтарды жатқа айтқызып ,тілдерін дамыту. Сөздік қорларын толықтырып айта білуге дағдыландыру.Баланы танымдық қызығушылыққа тәрбиелеу.Табиғатты аялауға тәрбиелеу.

Көрнекіліктер: Қияр мен қызанақ және себет.

Әдіс –тәсіл: Көрсету, түсіндіру және тосын сый.

Сөздік жұмыс: Қияр ,қызанақ.

Жүру барысы:

Балаларды залға әуенмен кіреді.Амандасады.

Сәлемдесу үлкенге,

Тәрбиенің басы ғой.

Ал ,кәнекей бәріміз,

Амандасайық үлкенге.

Сәлеметсіздерме апайлар!

Тәрбиеші: Балалар қазір жылдың қай мезгілі?

Балалар: Күз мезгілі.

Тәрбиеші : Балалар есікың қағылған дыбысы естіледі.Кім екен? Балалар біздерге хат келіпті ,кім жіберді екен?Ашып оқып берейін.

Тәрбиеші: Балалар біздер енді біздер көрші Айша әжейдің бақшасының көкөністері жиналай алмай отыр екен. Ал,балалар біздер әжейге барып көкөністерін жинап беруге көмектесейік,

Балалар: Иә ,көмектесеміз.

Тәрбиеші: Балалар олай болса жол қысқарсын сергіп барайық. Бәріміз тақпақ айтайық.

Аяғымызды топ топ

Алақанды соқ соқ

Бір оңға,бір солға

Айналамыз кел мұнда.

Қолымызы шайқаймыз

Бір оңға,бір солға

Айналамыз кел мұнда.

Тәрбиеші: Саламатсыз ба ата ,әже.Бізге сіздерден хат келгесін балалармен бірге көмектесуге келдік.Біздің балаларымыз өте ақылды және көмектесуге даяр.

Әжей: Сәлеметссіздерме балалар менің бақшама қош келдіңдер. Мен сендерге қазақтың киіз үйімен және қолданатын қамшы,торсық жайлы әдеп ғұрпы,тиым сөздер жайлы айтып берейін.Киіз үй ата-бабамыздан келе жатқан киелі үй.Көшіп қонуға өте ыңғайлы. Ал мына қамшы бұл керегінің басында ілулі тұрады.Ал мына торсық жол жүргенде сусын құйып алуға өте пайдалы . Ал тиым сөздерге келсек .

Үлкенді тыңда. Үлкенің сөзін бөлме.Үйге қарай жүгірме.Үлкенге көмектес.

Тәрбиеші : Балалар қараңдаршы қандай керемет бақша.Жердің бәрі сары түске боялған.

Атай : Балалар жақсы келдіңдер балалар ,күзде келіп жетті. Биыл өнім көп берді .Бұл менің еңбегімнің жемісі .Еңбектың жемісі жаз бойы еңбеңбек етіп немерелерім жесін деп ектім.Сол еңбектің бұл жемісі . Енды міне бақшамдағы көкөністерімді жинай алмай жатырмын.

Тәрбиеші :Балалар атайға көмектесемызбе?

Балалар: Иә ,көмектесемыз.

Тәрбиеші: Ата уайымдамыңыз .Біздің балалар сізге көмектеседі. Ата ,әжей біздің балалар сізге күз туралы тақпақтары бар .

Фатима:

Күз ,күз ,кел,кел

Қорықпаймыз ешқашан

Суық-суық ,жел,жел
Далада ,далада өте әдемі
Алтын күз ,алтын күз.

Тамирис :

Келді міне алтын күз
Сары шашты жарқын жүз
Мол өнімді ісімен
Таңдандырған халқын күз.

Фердаус :

Алтын,сары,қызыл көк
Алуан ,алуан жапырақ
Күзгі бақта күлімдеп
Көз тартады адырап.

Айдар:

Түрленді өлкеміз
Әсем күйге енді
Жапырақтар сарғайды
Сұр бұлттар көшеды.

Ералы:

Ағаштардан жамырап
Ұшты кенет жапырақ
Ой,алақай тамаша
Шашу шашты жапырақ.

Ата , әжей: Ой ,балалар жарайсындар тақпақты жақсы айтады
екенсіңдер.Өркендерің өсін.

Тәрбиеші: Балалар атамыздың бақшасындағы қызанақ пен қияр жинауға
көмекке келіп тұрмыз. Балалар мына қызанақты қараңдаршы түсі ,пішіні
қандай? Қиярдың түсі ,пішіні қандай? Бұлар қайда өседі ? Қалай атаймыз?
Иә,дұрыс айтасындар .

Көкөністерді мұқият жуып жеу керек.Олардың бойында түрлі витаминдер бар.
Балалар енді біздер әжемізге көкөністерін жинап себетке салып берейік.

Ойын: «Қызанақ пен қиярды себетке жинау»

Мақсаты : Балаларды жылдамдыққа және ептілікке баулу .оң жақтағы себетке
қияр жинау.Ал сол жақтағы себетке қызанақ жинау.Ұқыпты жинауға үйрету. Оң
жақтағы себетке қияр , ал сол жақтағы себетке қызанақ жинаймыз.Ал екінші
топ қияр жинап себетке толтырам ыз.

Тәрбиеші: Өнім биыл тамаша

Көз тоймайды қараса
Қияр мен қызанақ
Көкөністердің бәрі де
Ден саулыққа пайдалы.

Тіл ұстарту

Ақ –ақ жерде пісті қызанақ.

Яр –яр дәмді біздің қияр.

Ән. «күз»

Әжей: Жарайсыңдар балалар .Маған үлкен көмек жасадыңдар.менің көкөністерімді себетіме жинап бердіңдер.Сендерге үлкен рахмет.

Тәрбиеші: Әже біздің балаларымыздың көкөністер туралы тақпақтары бар тыңдаңыз.

Інжу :

Тал бесіктей бұралып,

Бақшаларда қызарып.

Тұрған ол мен-қызанақ,

Күнге қарап ұялып.

Інкар:

Мен қиярмын ,қиярмын,

Жаттығуға даярмын.

Қолымды көтеріп

Қиярдай болып өсемын.

Нариман:

Көктеп ерте шырмалып,

Өсемін мен бүр жарып.

Атым қияр теріп ал,

Жиі –жиі суарған.

Марьям:

Піскен кезде қызанақ,

Көз тартар қызыл түсімен.

Барма адам сүйсінбей,

Томат шырынын ішпеген.

Тәрбиеші: Жарайсыңдар балалар.

Рахмет, балалар. Сендер өте ақылды екенсіңдер.

Тәрбиеші: Әжей, сіздің көкөністеріңіз жиналды. Енді біз тобымызға қайтайық. Сау болыңыз.

Көркем еңбек сабақтарында ұлттық ою-өрнектерді оқыту әдістері

БАЛЫМБЕТОВА ЖАДЫРА КОНРАТБАЕВНА

Маңғыстау облысы Ақтау қаласы

№13 гимназиясының көркем еңбек мұғалімі

Қазақ халқы өнерлі халық болғандықтан, өнерін жоғалтпай өзінің ісін, өмірін жалғастыратын шеберлі өнерлі ұрпақ тәрбиелеп өсірген. Ал қазіргі күнде жастарды өнерге, шеберлікке үйрету, ұлттық тәрбие беру технология пән мұғалімдеріне жүктелген. Халқымыздың сарқылмас бай қазынасы, рухани мұрасы болып табылатын қазақ қолданбалы өнеріне деген алғашқы негізі, ұлттық мәдени құндылықтарға баулу ісі мектептегі бейнелеу өнері пәнінен басталатыны белгілі. Осы тұрғыдан бейнелеу өнері пәнін мектепте оқытудың негізгі мақсаты қоршаған орта әсемдігін көру, сезіну, қабылдау қасиеттерін қалыптастыру, эстетикалық талғамын, шығармашылық қабілетін жетілдіру, көркемдік қаракеттерді өз бетімен орындауға үйрету болып табылады. Қазіргі таңда мектеп оқушыларын еңбекке тәрбиесіне баулу арқылы өз ұлтымыздың ұлттық қолөнеріне үйрету – оқу тәрбие үрдісінің өзекті мәселелерінің бірі болып келеді. Қолөнерге оқушыларды баулу өз елін, жерін, халқын сүю, салт-дәстүрін бағалай білуге үйретеді. Қай халықтың болмасын қолөнері, оның тарихынан, әдет-ғұрып, салт-дәстүрлерімен қатар өркендеп, дамиды. Сондықтан жас жеткіншектерді халқымыздың мазмұнға бай тәрбиесі негізінде өсіруге, ой-өрісін, жоғары эстетикалық тағлымын, биік адамгершілік тұлғасын қалыптастыруға көп көңіл бөлінеді. Қолөнерді жасап байыту арқылы адамның жан дүниесі, ақыл-ойы, қиялы, іскерлігі, шеберлігі, тапқырлығы, талаптылығы, ұқыптылығы және байқағыштығы артып, дағдыландырады. Қолөнерді оқыту әдісі дегеніміз — мұғалімнің технология сабақтарында оқушылардың шығармашылық іс-әрекетіне басшылық ету тәсілдерінің жүйесі. Қазақ халқының ұлттық өнерін, тарихын көптеген ғалымдарымыз Ә.Марғұлан, Ө.Жәнібеков, Х.Арғынбаев, С.Қасиманов, Ғ.Иляев, А.Ғалымбаева, А.Мұқанов және т.б. зерттеп көптеген еңбектерін жарыққа шығарған. Еңбек сабақтарында оқушыларды қолөнеріне баулу және сәндік қолданбалы өнер негіздері бойынша М.Қозыбақов, Ш.Әбдуалиева, С.Жолдасбекова, Б.Ортаев, т.б. зерттеу жұмыстарын жүргізген. Технология сабақтарында халқымыздың қолөнерін үйрету арқылы оқушыларға ұлттық дәстүрге тәрбие берудің артықшылығы көп. Қолөнерге баулу, шығармашылықпен ұштастырып білім беру, еңбек етуге баулумен қатар ата-бабаларымыздан қалған салт-дәстүрге тәрбиелеу қазіргі заманның талабы. Қолөнерге қызықтыру үшін кез келген бұйымның, туындының жасалу құпиясын, тарихын ашып көрсетсек, қосымша

әдебиеттерден мағлұматтар берсек қайталанбас ерекшеліктерге толы жасалу технологиясымен таныстырсақ оқушы шығармашылықпен іске кіріседі. Қазақ қолөнер көркем мәдениеттің бір бөлігі болып табылады. Бұл өнер ежелгі дәуірден бастап бүгінгі күнге дейін тұрмыста қолданып келеді. Қазақтың ұлттық өнерімен таныстыру негізінде бала айналадағы дүниенің қимыл-қозғалыстарының алуан түрлі реңін түсінеді. Балалардың өнер туындыларымен бірге үнемі байланыста болуы рухани-өнегелік, эмоционалдық-сезімдік дамуының және шығармашылық мүмкіндіктерінің қалыптасуының негізгі тірегі болып келеді. Оқушылар бейнелеу өнері, ән-күй; құрастыру және қол еңбегі, көркем әдебиет сабағында және ертеңгілік-тер мен ойын-сауықтар барысында халқымыздың ұлттық өнерімен танысып, көркем талғамын, өзіндік дүниетанымын қалыптастырады.

Қазақстандағы мектеп оқушыларының көркем мәдениетін қалыптастыруда ұлттық өнердің ерекшеліктері мынадай міндеттерді алға қояды:

— қолданбалы және бейнелеу өнерінің мәнерлеу тілін меңгеру арқылы қоршаған ортаға эстетикалық қатынасты қалыптастыру;

— қоршаған ортаны эстетикалық тұрғыда бағалауға қажетті білім қалыптастыру;

— бейнелеу өнері сабақтарында оқушының шығармашылық қарекеттерінің потенциалын жетілдіру;

-оқушылардың ұлттық өнерге деген мақтаныш сезімі мен елжандылығын қалыптастыру. Оқушыларға халық шеберлері-ағаш шебері, ұста, зергер, тоқымашы, кестеші, өрмек тоқушы т.б. таныстыра отырып, олардың қолынан жасалған бұйымдар туралы мағлұмат беру балалардың білім деңгейлерін жетілдіре түседі. Қазіргі кезде сол ұлттық қол өнерді жас ұрпақтың бойына дарытын, үйрететін мектептерде жүргізілетін еңбек пәні. Олай болса «Ата көрген оқ жонар, ана көрген тон пішер» деген халық даналығын басшылыққа алып, жас ұрпақты тәрбиелеуде, дамытуда, қалыптастыруда халқымыздың ғасырлар бойы қалыптасқан тәрбие құралдарын (тіл, дін, өнер, үлгі-өнеге) орнымен пайдалану бүгінгі күн үшін де өте маңызды.

Балалар ағаш шебері ағаштан түйін түйетінің, ұста темірден жасалатын бұйымдарды соғатынын, зергер әшекей бұйымдарды жасайтынын, тігінші киім тігетінін жөнінде мағлұмат алып, ұлттық бұйымдардың жасалу ерекшеліктерімен танысады.

Еңбек арқылы адамның денесі, көзқарасы, эстетикалық және ақыл – ой деңгейі дамып, жетіледі, еңбектің мәні және құндылығы арта түседі. Балалар мен жастардың еңбек тәрбиесі ежелден – ақ ата – ана парызы, бүкіл халық міндеті болды. Қайсыбір қолөнер шеберін алсақта олар өздерінің жасаған бұйымдарын түрлі ою-өрнектерімен әшекейлейді. Әдемілік пен әсемдікке құштарлық адамзатқа тән. Көркем бұйымдар мен зәулім ғимараттар — көз қуанышы. Ол жанды сергітеді. Ежелгі адамдар жын – шайтаннан қорғану және өзін — өзі

сәндеу үшін тәндерін нақыштап, киімдерін әшекейлеп, үйлеріне тұмар іліп қоятын. Осының нәтижесінде ою — өрнек пайда болды. Ою — өрнек латынның «ornamentum» сөзімен мәндес. Оның аудармасы әшекей, өрнек, бедер деген мағынаны білдіреді. Көшпелі қазақтар табиғаттың әдемілігіне сүйсіне отырып, өз айналасының сұлулығына аса мән берген Қолөнерден білім берудің әрбір түріне тоқтайтын болсақ : Құрақ-құрау өнері Бүгінгі күнде ата-бабамыздың айналысқан қандайда бір кәсібі болмасын өз маңызы мен қасиетін жоймаған. Қайта түрленіп қазіргі заман талабына сай ерекшеленіп отыр. Құрақ құрау барысында оқушылардың ой-өрісін жанжақты дамытуға әсері мол. Құрақ құрауда оқушылар түрлі геометриялық фигураларды басын құрастыруды игеріп , үшбұрыштың қабырғасы мен төртбұрыш таңбасының бір-біріне тең болуын, өлшемі арасындағы байланыстылықты есептеуді үйренеді. Ою өрнек — қолөнер бұйымдары бүгінгі тұрмысымызда сирек қолданылатындықтан, оқушылар оның атын естігеннен көп есте сақтамайды, сондықтан оюдың шығу тарихын, аңыз- әңгімелер арқылы жеткізе отырып, тәжірибиеде жиі қолдануымыз керек . Ою оя білген оқушы шеберлікке, өрнекті матаға үйлесімді, сәйкесті орынды қолдануға үйренеді. Ертедегі қазақ оюларын мазмұны жағынан іріктесек, негізінен 3 түрлі ұғымды бейнелейді. Олар: біріншіден, мал өсіру мен аңшылықты, екіншіден, жер — су, көшіп — қону көріністерін, үшіншіден, күнделікті өмірде кездесетін әр түрлі заттардың сыртқы бейнесін береді. Шеберлер іске беріліп, жұмыс әдісіне төселе келе өздерінің көрген ою — үлгілерін жатқа жасап, оюға өз бетімен жаңа түрлер енгізу дәрежесіне жетті. Ою- өрнек жасауда өзіндік қағидалары бар. Олар: композиция, колорит, симметрия, ритм. Композиция дегеніміз өрнекті бұйымның бетіне реттеп орналастыру. Колорит дегеніміз ою- өрнектің бояу түрлерінің бір-бірімен үйлесіп, жарасым табуы. Осы жерде әр түстің нышаны бар. Мысалы, көк түс — аспанның, қызыл түс — оттың, ақ түс — ақиқаттың, сары түс — ақыл-парасаттың, жасыл түс — жастықтың, көктемнің символы. Симметрия дегеніміз — ою- өрнектің екі жағының тең болуы. Ритм дегеніміз — ою-өрнекте бір элементтің қайталанып келуі деп атайды. Кесте — қазақ халқының қолөнерінің ерекше түрінің бірі . Ертеде халқымыз киімде, үй тұрмысында қолданатын бұйымдарының бәрін кестемен әшекейлеп безендірген. Бүгінгі күнде кесте өнерін ұлттық киімдерде және ұлттық бұйымдарында ғана қолданылады. Кесте тігу барысында төзімділікті, шыдамдылықты талап етеді және адам бойына, әсіресе, бойжеткендерге сабырлы, ұқыпты, зерделі мінез-құлық қалыптастыруда кесте өнерінің тигізетін пайдасы көп деп айтуға болады. Кесте және көркемдеп тігу ою — өрнекті әшекейлеудің ертеден келе жатқан элементтерінің басты түрі. Кестені бізбен және жай инемен әшекейлеп тігу барлық халықтарға да ортақ өнер. Кесте өнері нағыз халықтық, алуан әдісті, таңдауы көп өнер. Кесте өнерінің қазақ халқына тән байырғы көне түрлері: біз кесте, айқас тігу, айқыш — ұйқыш тігу, басып тігу, қайып тігу. Біз кестенің шым

кесте және әредік кесте деп аталатын екі түрі бар

Тоқу өнері –қазақ халқының ежелден қолданып келе жатқан ең алғаш киімі мен үй жабдығының негізі болған.Бұл тамаша өнер қазіргі талап тілектер тұрғысынан жасалып, жылылыққа, сұлулыққа, әсемдікке жетелеуде. Тоқумен айналысқанда адам жеке басына аса қажет нәрсені жасау үшін ғана тоқымайды. Осы тоқу әдісінің өзі оған қуаныш әкеледі.Себебі, түрлі- түсті бояулар әлемінің үйлесімділігі, алуан сән мен фасондар шеберлігін, ой -өрісін жетілдіріп, көркемдікті сезіну қабілетін дамытады. Тоқыма тоқу кезінде адамның көңіл-күйі сабасына түсіп, бір сәт өзімен-өзі болып, шаршағаны басылады. Әрі еңбек, әрі ермек. Оның үстіне мынадай қымбатшылық заманда өз киімін өз тоқып алса, ол да әжептеуір үнем. Әшекейлерді түсіре білу — үлкен өнер. Бұл екiнiң бiрiнiң қолынан келе бермейдi. Тiптi күнде ине ұстап, киiм тiгiп отырғандардың өзi әшекейлеуге келгенде шорқақтық танытады.Бұл заңды да, өйткені әшекей салу — өнер. Әшекейлеудің түрлері көп.Зергерлік – өте ерте заманнан келе жатқан өнер. Алтын — күміс әшекейлі бұйымдарды жасаумен әуестенушілерді зергер деп атау бүкіл Орта Азия халықтарында ерте кезден — ақ қалыптасқан. Қазақ шеберлер зергерлік өнерін біліп бірақ алтын — күмісті өздері қорытып, өндіре алмаған. Сондықтан оларды көрші орыс мемлекеттерінен сатып, айырбасқа алып отырған. Кесек күміс пен алтын оңайлықпен табылмағандықтан ол кездегі қазақ зергерлері көбінесе алтын, күміс ақшаларды қайта балқытып немесе ол күйінде пайдаланған. Олар – бұрау, көз салу, жону, бастыру, бедерлеу, өру, теру, кестелеу, сызу, құю, бояу, зерделеу, жапсырмалау, бисірлеу сияқты өрнек үлгілерінің үй тұрмысында, өнеркәсіпте ,құрылыста, мәдениет саласында, сәулет өнерінде жалпы әлем өнерінің дамуында қолданылмайтын, іске аспайтын жері жоқ.

Соның ішінде көп кездесетін түрі – кестелеу, жапсырмалау, бисерлеу өнері. Бисер тоқу өнері ертеде кеңінен тарап, танылып келе жатқан халық шығармашылығының және әшекей бұйымдар дайындаудың бір түрі. Бисермен жай суреттерден бастап өте күрделі түрлі-түсті жұмыстар жасауға болады.Мысалы,тұмарша, ұлттық сөмкелерді, әмиян, ұлттық қоржын, алқа, шашбау,қазіргі кезде ұялы телефондарға арналған қапшықтарды әшекейлеп тігеміз. Бисер тоқу өнері нәзіктікті, әдемілікті, шыдамдылықты және фантазия мен шеберлікті талап етеді. Әр адам бисер тоқумен айналысуына болады. Сызбамен жұмыс істегенде есте сақтау қабілеті жоғары болып, түстерді үйлесімді орната білуге үйретеді.Бисермен жұмыс істегенде жұмыс істейтін орын жарықпен жақсы қамтамасыз етілу керек. Көзге демалыс беру үшін 5-10 минут үзіліс жасау тиімді. Бисерді таңдау – үлкен жұмыс. Олардың өлшемдері, түстері әр алуан. Сондықтан тігілетін бұйымға байланысты маржан моншақтың қандай түрін, қанша мөлшерде алуды, қандай түсін таңдауды, тігілетін мата түрін, ине, жіпті тандай білу қажет.Қазақтың ұлттық қолөнерінде ағаштан көптеген заттар жасалады. Балташылар, ағаш ұсталары, ершілер қайыңды,

үйеңкіні, үйшілер, ағаш ойып, шыбық өріп тоқушылар талды пайдаланады. Балташылар үй борайды, еден төсеп, арба, шана, жақтау, қақпа, тіреу сияқты ірі заттарды істейді. Ағаш ұстасы стол, шкаф, сөре, орындық, кебеже, асадал, рамалар жасайды. Ағаш оюшылар оны жонып күйдіреді де бояулап өрнектейді. Шыбық өрушілер, тоқушылар қамыстан, шиден қорап, шыпта, орындық, шарбақ сияқты заттарды өреді

Адамзат қоғамының рухани және мәдени қорының қымбат қазыналарының бірі — халықтың қолөнері мен әдет-ғұрпы, қай халықтың болсын бітім тұлғасы, психологиялық, этникалық жан сезім белгілері оның қолөнер мен әдет-ғұрып, салт-санасынан көрінеді. Өткен ел тарихын, тұрмыс-тіршілігін ой елегінен өткізер болсақ, халық өміріндегі әдет-ғұрып, салт-санасының дамуы тарихи оқиғалардан кейін заманның өзгеруіне байланысты болғаны айқын. Мұны ұрпақ тәрбиелеу ісіндегі халықтық тәжірибе белгілерінен көруге болады. Бұл жағдай сабақтарда халық өнерін қазіргі мәдениеттің ажырамас бөлігі тұрғысынан, кәсіби өнермен өзара әрекеттестігі, ерекше типтегі шығармашылық тұрғысынан қарастырғанда ғана мүмкін болады. Сәндік-қолданбалы өнерге негізделген көркем-шығармашылық сабақтар мектеп оқушыларына белсенділік береді, бейнелі ойлауын, қиялдауын дамытуға ықпал етеді. Мәселен, халықтың сәндік-қолданбалы өнер туындыларындағы бейнелер мен ою-өрнектерде берілген оюлар, түйсіктер мен түсініктер, тұжырымдар, халықтың дүниетанымы жеке тұлғаның эстетикалық сапаларын жетілдіре түседі. Бояу түстері мен материалдың, бұйым формасы мен нақыштарының үйлесімділігі, олардың әсемдігі мен жарасымдылығы адамның ой ұшқырына әсер етіп, оның рухани жан дүниесін байытады.

Қорытынды

Өнер — адамға жақсы әсер ететін және оны тәрбиелейтін нәзік дүние. Қолөнер бұйымдарын жасау барысында қазіргі жастарға берер тәлім-тәрбиесі, пайдасы өте мол, сонымен қатар эстетикалық тәрбие бере отырып, өз қолдарымен қажетті бұйымдар жасай білуге, шеберлікке, қолөнер шығармашылықтарын дамытады. Оқушыларды ұлттық қолөнер арқылы кәсіби шеберліктерін қалыптастырудың маңызды тұжырымдамалық бағыты болып білім, ғылым, өнер, өндіріс және өнеркәсіптің байланысы саналады. Бұл бағыттың жүзеге асуын ғалымдар қазіргі кезде технологиялық білім беру тұжырымдамасында: мамандарды қоғамдық өндірістегі қайта құрылған іске даярлау, олардың танымында ұлттық қолөнердің әлемдік көріністерін қалыптастыру, ой-өрісі мен кәсіби- шығармашылық қабілеттерін жетілдіру, білім және еңбек қабілеттерінің бірнеше түріне қатысу үрдісінде мамандарды даярлауға жағдайлар жасау мақсаттары қойылып отыр. Ғасырдан-ғасырға, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан ата дәстүрі халықтық өнер желісін үзбей, халқымыздың асыл мұрасы ретінде бағалап, оларды көздерінің қарашағындай сақтап, ілгері дамытып өркендету — өнегелі іс.

Мектеп оқушыларының кәсіби шеберлігін қалыптастыруда сәндік-колданбалы өнерді меңгеру үрдісінде кәсіби шеберлігін қалыптастыру оның адам өміріндегі рөлін жетік түсіндіруден, оның маңыздылығы мен мәнін және спецификалық заңдылықтарын толық ашып көрсетуден де талап етіледі. Адам өміріндегі қоғамдық салт-дәстүр, әдет-ғұрып қашан да адам қиялынан туындап, заман ағымына қарай байып, мазмұны тереңдеп келе жатқан тәрбиелік мәні өте зор тағылым. Қолөнер бұйымдарын жасау барысында қазіргі жастарға берер тәлім – тәрбиесі, пайдасы өте мол, сонымен қатар эстетикалық тәрбие бере отырып, өз қолдарымен қажетті бұйымдар жасай білуге, шеберлікке қолөнер шығармашылықтарын дамыта

№ Q00068 16.02.2022 ж

Жаңартылған бағдарлама – білім берудің жаңа мазмұны

ОРАЗОВА ИЛАН ТУРМЫСКАЛИЕВНА

Ақтөбе облысы Қобда ауданы Калиновка орта

мектебінің бастауыш сынып мұалімі

Өмір – бұл ағын су секілді, бір орында тұрмайды, яғни жылдар жылжып, уақыт өтеді. Уақыт өткен сайын қай салада болмасын дүниенің бір жаңалығы орын алып жатады. Сол жаңалықты тосырқамай, жақсы - жаманын саралап қабылдай білу керек. Өмірді ағын суға теңесек, білімді - теңіз, мектепті – кеме деп қарастырамыз, ал мұғалім – сол кеме капитаны деуге болады. Кеменің тереңге батпай, дұрыс бағдармен жүруі мұғалімге байланысты.

Елбасымыз: «Білім беру реформасы – Қазақстанның бәсекеге нақтылы қабілеттілігін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін аса маңызды құралдардың бірі» деп атап көрсетті. Сонымен қатар, Қазақстан 2050 стратегиясында: «Біріншіден, барлық дамыған елдер өзінің бірегей жоғары сапалы білім беру жүйесіне ие. Біз Ұлттық білім беру саласының барлық бөлімдерінің сапасын жақсарту үшін көп жұмыс істедік. Негізгі мектеп үшін, барлық мектептердегі оқыту стандарттарын Назарбаев Зияткерлік мектептерінің деңгейіне дейін жақсарту қажет. Жоғары мектеп түлектері қазақ, орыс және ағылшын тілдерін меңгеріп шығулары тиіс. Оқытудың нәтижесі сын тұрғысынан ойлау, өздігімен зерттеу және ақпаратты терең талдау дағдыларын меңгерту тиіс» делінген. Болашақта өркениетті, дамыған елдер қатарына ену үшін, елдің айбынды болашағы үшін заман талабына сай сапалы білім қажет. Ол үшін еліміздің білім саясатындағы ғылыми – техникалық әлеуетін жұмылдыру, ғылымның басым бағыттарын дамыту жолындағы ресурстарды шоғырландыру, оның жетістіктерін өндіріске енгізу инновациялық дамудың негізгі көзі.

Білім мен ақпарат дамыған қоғамда білім беру жүйесі инновациялық экономиканың негізгі бөлігі болып табылады. Білім берудің негізгі мақсаты - білім мазмұнының жаңаруымен қатар, оқытудың әдіс-тәсілдері мен әртүрлі құралдарын қолданудың тиімділігін арттыруды талап етеді. Қазақстан 2030 стратегиялық бағдарламасы білім берудің ұлттық моделінің қалыптасуымен және Қазақстанның білім беру жүйесін әлемдік білім беру кеңестігіне кіріктірумен сипатталады. Қазақстанның мемлекет ретінде қалыптасуы орта білім беру жүйесінің дамуымен тығыз байланысты. Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңында: «Білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі – білім беру бағдарламаларын меңгеру үшін жағдайлар жасау керек» деп көрсетілген. Қазақстанда білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы жобасында Қазақстандық білім беру жүйесін жақсарту үшін, ең алдымен педагог кадрлардың мәртебесін арттыру, біліктілігін дамыту бағытына үлкен мән берілген. Осыған байланысты қазіргі таңда еліміздің білім беру жүйесіндегі реформалар, өзгерістер мен жаңалықтар мұғалімнің өткені мен бүгіні, келешегі мен болашақ жайлы ойланып, жаңа идеялармен жұмыс жасауға негіз болады.

Елбасымыздың жолдауында айтқандай: Қазақстанды дамыған 30 елдің қатарына жеткізетін – білім. Ғылым мен техниканың күн санап өсуіне байланысты педагогика ғылымының теориясы мен оқыту үрдісі де түбегейлі өзгерістерге ұшырауда. Соған орай оқытудың парадигмасы өзгерді. Білім берудің мазмұны жаңарып, жаңаша көзқарас пайда болды. Осыған байланысты ұстаздар алдында оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жаңартып отыру және технологияларды меңгеру, оны тиімді қолдана білу міндеті тұр. Ұстаздарға үлкен жауапкершілік міндеттелді. Оқушылардың бойына ХХІ ғасырда өмірдің барлық салаларында табысты болу үшін, қажетті дағдыларды дарыту үшін, мұғалімдер тынымсыз еңбектену керек. Жаңартылған оқу бағдарламасы аясында тек өз пәнін, өз мамандығын шексіз сүйетін, бала үшін ұстаз ғұмырын құдіретті деп санайтын білімді мұғалімдер ғана жұмыс істей алады.

Ата-бабамыз «Оқу – инемен құдық қазғандай» демекші, шығармашыл, ізденімпаз ұстаз ғана табысты болады, нәтижеге жетеді.

Жаңартылған білім беру бағдарламасының ең негізгі мақсаты - білім алушылардың оқу нәтижелерін жетілдіру болып табылады. Орта білім мазмұнын жаңартудың көптеген компоненттері, соның ішінде мұғалімдердің біліктілігін арттыру бағдарламасы осы мақсатқа бағытталған. Жаңа бағдарлама бойынша жаңаша көзқарас қалыптасып, білім деңгейі биікке көтеріліп келеді. Қазіргі білім беру жүйесінде жаңа технологияларды енгізу күннен-күнге басты талапқа айналып, осы әдістерді жетілдіре түсу қажеттігі күшейіп келеді. Мұғалімнің шеберлігі қандай жоғары болса да, мұғалім оқушының өз белсенділігін туғыза алмаса, берген білім күткен нәтиже бермейді. Оқушының тұлға ретінде қалыптасуы белсенділік арқылы жүзеге асады.

Заманауи қоғамның зиялы азаматына білім беру - сана әлеуеті жоғары дамыған, сын тұрғысынан және жаңашыл ойлай білетін, рухы мықты, өз білімін қоғамның алға басуына жұмсай алатын адамды тәрбиелеу. Білім беру бағдарламасында тәрбие мен оқыту ажырамас байланыста болады. Заманауи мектептердің мақсаты - жоғары білімді, шығармашыл адамның үйлесімді тұлғаланып, дамуы үшін қолайлы білім беру кеңістігін жасау. Өз білімінің нәтижесінде оқушы бойында сын тұрғысынан ойлау, білімін шығармашылықпен пайдалана білу, зерттеушілік дағдылары, АКТ дағдылары, топта және жеке жұмыс істей білуі, тілдік дағдылары, қойылған міндеттер мен күрделі мәселелерді шеше білу дағдылары қалыптасады.

Мектеп бағдарламасына кіріктірілген пәндерді енгізу оқушының жалпы дамуына және тақырыпты сабақта тереңірек зерттеп, әлем туралы тұтас ұғымының қалыптасуына септігін тигізеді. Жаңартылған білім беру мазмұны білім салалары бойынша анықталған күтілетін нәтижеге негізделеді. Күтілетін нәтижелер оқушы жұмысы мен оның жетістігін бағалауға мүмкіндік береді, әр оқушының жеке даму траекториясының дамуын нақтылауға жағдай туғызады. Сонымен қатар білім, білік дағдыларының дамытуға уәжін арттырады. Оқу үдерісінің сапасын жақсартады. Сол себепті, оқыту нәтижесін мониторинг жасаудың жаңа формасы енгізіледі, яғни критериалды бағалау жүйесі. Оқыту мақсаттарына жетуде жетістік критерийлерін құрастыру және қолдану – бұл білім берудің мақсаты мен мазмұнына негізделген оқушының оқу - танымдық құзырлығын қалыптастыруда алдын-ала белгіленген жетістіктермен салыстыру үрдісі. Ең бастысы – оқу үрдісінің өзі, жетістік критерийлері арқылы оқушы өзін-өзі бағалауды үйреніп, өз білімінің артықшылықтары мен кемшіліктерін көріп, әрі қарай қалай даму керектігін түсінеді. Бұл жүйеде оқушының қалай жұмыс жасағаны, қалай ойланғаны белгілі болады. Білімнің мақсаты мен мазмұнына сәйкес келетін, оқушылардың оқу - танымдық біліктілігін қалыптастыруға себепші болатын, айқын анықталған, ұжыммен шығарылған, білім үрдісінің барлық қатысушыларына алдын ала белгілі критерийлермен оқушылардың оқу жетістіктерін салыстырылады.

Жаңартылған бағдарламаларда барлық білім беру деңгейлері «Мәңгілік Ел» идеясына негізделген. Мектептегі білім беру мазмұны академиялық пәндер, зерттеу және сыныптан тыс әрекет, қосымша білім беру негізінде жүргізіледі. Идеяның мазмұны – оқушыларды рухани- адамгершілік тұрғыдан, қазақстандық патриотизмге тәрбиелеу, толеранттылық пен ұлтаралық жағдайда қарым-қатынас жасай алуға үйрету болып табылады.

Бұл жаңартылған мазмұндағы бағдарламаның негізгі қағидаты - коммуникативтік тәсіл арқылы оқушының тіл туралы, ұлттық және жаһандық мәдениеттің маңызы туралы түсінігін кеңейте отырып, қазақ тілін табысты үйрету.

Бүгінгі таңда білім беру саласына түбегейлі өзгерістің қажеттілігін ескерсек, реформаның басында тілдік пәндердің тұру себебін бағдарламада көрсетілген мына жолдармен түсіндіре аламыз: «...Әрбір оқушы үшін тіл – негізгі білім құралы. Оқушылардың тілдік қарым-қатынасы өздері өмір сүріп отырған және білім алатын орта арқылы жүзеге асады. Тілді жетік меңгеру ұлттық құндылықтарды түсінетін, әлемдік деңгейде жаңа өзгерістерге бейім, жаңашыл жеке тұлға қалыптастыруға ықпал етеді». Осы орайда, ғалым - жиһанкез Шоқан Уалихановтың «Халықтың кемеліне келіп өркендеп өсуі үшін ең алдымен азаттық пен білім қажет» деген екен. Олай болса, тәуелсіз еліміздің үшінші жаңғыру дәуірінде бүгінгі ұрпақтың өмір сүруі үшін қажетті білім дағдыларымен және қасиеттермен қаруландыру - мұғалімдер үшін ынталандырушы күш болып табылады. Жаңартылған оқу бағдарламаларының ерекшеліктері 10 бөлімнен тұратын жаңа құрылымы болып табылады:

1. Пәннің маңыздылығы;
2. Пән бойынша оқу бағдарламасының мақсаты;
3. Үштілділік саясатты іске асыру;
4. Оқыту үдерісіне ұйымдастыруға қойылатын талаптар;
5. Пәнді оқытуда қолданылатын педагогикалық әдіс-тәсілдер;
6. Түрлі мәдениет пен көзқарастарға құрмет;
7. Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану құзыреттілігі;
8. Оқушылардың коммуникативтік дағдыларын дамыту;
9. Оқу нәтижелерін бағалау жолдары;
10. Оқудың мазмұны, ұйымдастырылуы мен бірізділігі.

Бұл жаңартылған білім беру бағдарламасы бойынша менің көкейге түйгенім: алдымызға бір мақсат қоя отырып, сол мақсатқа жету жолында шәкірттердің жүрегіне жол тапсақ, егемен елдің ұл- қыздары білімді де білікті болып шықпақ. Соның арқасында біз бәсекеге қабілетті, іргесі мықты ел боламыз. Ұстаздықтың ұлы жолында өзімнің бар күш жігерімді салып, еліме пайдамды тигізіп жатсам, бұл ғаламда одан артық бақыт жоқ деп ойлаймын. Негізінен жаңартылған білім беру жүйесі құзыреттілік және сапаға бағытталған бағдарлама екендігіне көз жеткіздім.

Бүгінгі күні барлық елдер жоғары сапалы білім жүйесімен жұмыс істеуде. Өйткені қазіргі заманда елдің бәсекеге қабілеттілігі оның азаматтарының парасаттылығымен анықталады, сондықтан білім беру жүйесі болашақтың талабына сәйкес дамуы тиіс. Оқушыларды заманауи әдіс – тәсілдермен оқытып, ой –өрісі кең, саналы, еркін азамат етіп тәрбиелеу қажеттілігі де осы себептен туындап отыр. Оның үстіне білім берудің жүйесін қарқынды дамытқан бұл үрдістің жалпы білім беретін мектептерге де енгізіле бастауы көңілді қуантады. «Тегінде адам баласы адам баласынан ақыл, білім, ар, мінез деген қасиеттерімен озады», - деп Абай атамыз айтқандай, озық ойлы білімдар адамдар заманның, қоғамның дамуына, өзгеруіне үлесін қосып келеді.

Қорыта айтатын болсақ: Әр уақытта бала білімін алға қояшы ұстаз үлкен көрсеткішке қол жеткізу жолында талмай талаптанып, шаршамай еңбектенеді. Сол кезде ғана еліміз көкке шарықтап, басқа елге елді танытады. Елді өсіретін де, елді өшіретін де – білім. Сондықтан қолда бар амалдарды тиімді пайдалана білу сіз бен біздің үлесімізде. Өз ісіне берілген, жаңалықты жатсынбай қабылдайтын, шәкіртінің жанына нұр құйып, өмірге өзі де бақытты болып, өзгелерді де бақытқа жеткізсем деп жүретін жаңаша оқытатын жаңа көзқарасты ұстаз болайық.


№ Q00075 16.02.2022 ж



Шамалар арасындағы тәуелділік

БЕРДИЕВА КАЛАМКАС ИБРАГИМОВНА

Атырау қалалық №24 орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі

Мұғалімнің аты-жөні					
Пән/Сынып:		Математика / 3-сынып			
Қай аптаның нешінші сабағы					
Тарау немесе бөлім атауы:		Көбейту және бөлу			
Сабақтың тақырыбы:		Шамалар арасындағы тәуелділік			
Оқу мақсаты:		3.2.3.4. 2 – 3 амалдан тұратын есептерді шығару			
Бағалау критерийі:		Білемін «+», білмеймін «-» белгісін қояу.			
Саралап оқыту тапсырмалары					
Ұжымдық жұмыс Жаңа тақырыптың түсіндірілуі		Бірлескен жұмыс (1,2 тапсырма) Тапсырманы ұсыну және дұрыс жауапты ұсыну арқылы үйрету		Жеке жұмыс Тапсырманы ұсыну, оқушылар өз бетімен орындауы	
Уақыты	Кезеңі	Тапсырма	Тапсырманың мақсаты	Бағалау	Ресурс-тар
2 минут	Ұйымдас тыру	Тақырып, мақсаттармен таныстыру	Не меңгеретінін білу үшін		Презентация № 1бет

13 минут	Жаңа сабақ	Жаңа сабақты цифрлық ресурстар арқылы түсіндіру Кестені ауызша толтыру.		Жаңа тақырыпты меңгеру	Тапсырм а ны орында ған оқушын ы ауызша мадақтау	Презен тация № 1-2 бет	
		Бағасы	Саны				Құны
		9 теңге	3 дана				27 теңге
		5 теңге	6 дана				30 теңге
		4 теңге	6 дана				24 теңге
Заттың құнын білу үшін заттың бағасын оның санына көбейту керек. $Қ = б \cdot с$ 							
Сатып алынған заттың санын білу үшін заттың құнын заттың бағасына бөлу керек. $с = Қ : б$							

		 Заттың бағасын білу үшін заттың құнын оның санына бөлу керек. б = Қ : с 															
15 минут	Тәжірибе	1-тапсырма «Дүкен» ойыны Сен дүкенге келдің. Әрбір сатып алынған заттың құнын анықта. Кесте бойынша есеп құрастырыңдар. Жолдастарыңнан оны шығаруды сұра. Бос орындарды толтыр және тексер. <table><tr><td>9 теңгеден 5 дәптер</td><td>45 тг</td></tr><tr><td>8 теңгеден 3 хатқалта</td><td>24 тг</td></tr><tr><td>7 теңгеден 4 дәптерқап</td><td>28 тг</td></tr><tr><td>8 теңгеден 4 бетбелгі</td><td>32 тг</td></tr><tr><td>8 теңгеден 2 ашықхат</td><td>16 тг</td></tr><tr><td>10 теңгеден 5 өшіргіш</td><td>50 тг</td></tr></table> 2- тапсырма	9 теңгеден 5 дәптер	45 тг	8 теңгеден 3 хатқалта	24 тг	7 теңгеден 4 дәптерқап	28 тг	8 теңгеден 4 бетбелгі	32 тг	8 теңгеден 2 ашықхат	16 тг	10 теңгеден 5 өшіргіш	50 тг	Жаңа тақырып ты тәжірибе арқылы меңгеру	Бағалау критерий лерін ұсыну	Презентация № 3бет
			9 теңгеден 5 дәптер	45 тг													
			8 теңгеден 3 хатқалта	24 тг													
			7 теңгеден 4 дәптерқап	28 тг													
			8 теңгеден 4 бетбелгі	32 тг													
			8 теңгеден 2 ашықхат	16 тг													
			10 теңгеден 5 өшіргіш	50 тг													
			Дүкен ойынында заттың құнын таба білдім.	+													
Кестеге байланысты есеп құрастырдым	+																
Кері есеп құрастыра алдым.	теңге																

	Есепті құрастырып, шартын жазып, Шешуін жазып, сұраққа жауабын жазу. <table><tr><th>Болды</th><th>Сатып алынды</th><th>Қалды</th></tr><tr><td>80 теңге</td><td>  9 теңгеден </td><td>? теңге</td></tr></table> Шарты: Болды- 80 тг Сатып алды- 9 тг-ден 2 (д) Қалды-? тг Шешуі: 80 тг – 9 тг x 2 = 62 тг Жауабы: қалды 62 теңге <table><tr><th>Болды</th><th>Сатып алынды</th><th>Қалды</th></tr><tr><td>70 теңге</td><td>  3 теңгеден </td><td>? теңге</td></tr></table> Шарты Болды- 70 тг Сатып алды- 3 тг-ден 2 (қ) Қалды-? тг Шешуі: 70 тг – 3 тг x 4 = 58 тг Жауабы: қалды 58 теңге <i>Кері есеп құрастырып көрейік!</i> Кері есеп <table><tr><th>Болды</th><th>Сатып алынды</th><th>Қалды</th></tr><tr><td>? теңге</td><td>  3 теңгеден </td><td>58 теңге</td></tr></table> Болды- ? тг Сатып алды- 3 тг-ден 2 (қ)	Болды	Сатып алынды	Қалды	80 теңге	 9 теңгеден	? теңге	Болды	Сатып алынды	Қалды	70 теңге	 3 теңгеден	? теңге	Болды	Сатып алынды	Қалды	? теңге	 3 теңгеден	58 теңге	Презентация № 4бет теңге теңге
Болды	Сатып алынды	Қалды																		
80 теңге	 9 теңгеден	? теңге																		
Болды	Сатып алынды	Қалды																		
70 теңге	 3 теңгеден	? теңге																		
Болды	Сатып алынды	Қалды																		
? теңге	 3 теңгеден	58 теңге																		

		Қалды-58 тг Шешуі: $3 \text{ тг} \times 4 + 58 \text{ тг} = 70 \text{ тг}$ Жауабы: болды 70 теңге <u>Дескриптор:</u> Есептеудің ауызша және жазбаша тәсілдерін пайдалана отырып, қосу және азайту амалдарын орындау біліктері, безендіру, түсініктеме беру, дәлелдеу, оқу тапсырмаларын шешуде болжамдар айту			
5 минут	Қосымша тапсырма	1. Көбейтудің мәнін қосу амалы арқылы тап. $2 * 2$ $3 * 2$ $2 + 2$ $3 + 3$ $2 * 20$ $30 * 2$ $20 + 20$ $30 + 30$ 2. Өрнектің мәнін тап. $(85 - 85) * 18$ $(100 - 99) * 32$ $(25 + 49) * 0$ $(80 - 79) * 100$ 3. Есепті шығар. Әрқайсысы 3 килограмнан 6 банка қияр тұздалды. Барлығы неше килограмм қияр тұздалды?	Бүгінгі тақырыпты қаншалықты деңгейде меңгергендерін тексеру	10 баллдық жүйемен бағалау	Күнделік кз

		<u>Дескриптор:</u> Берілген қосымша тапсырмаларды өз бетінше орындайды			
3 минут	Бекіту	Жеке тапсырма ұсыну 500 теңгеге не сатып ала аласың? 1) Торт, йогурт және шоколад. Иә Жоқ 2) Торт, «Чупа Чупс» және батон кәмпит. Иә Жоқ 3) Торт, пирожное, «Чупа Чупс» және батон кәмпит. Иә Жоқ 4) Йогурт, батон кәмпит және шыршын. Иә Жоқ 5) Йогурт, шоколад, шыршын және торт. Иә Жоқ	Тақырып ты меңгерген ін анықтау	Бағалау критерий лерін ұсыну	Презентация № 5 бет
				500 теңгеге сатып ала алатын нұсқаны дұрыс белгіледім.	+

		б) Йогурт, батон кәмпит, шырын және «Чупа Чупс» Иә Жоқ			
2 минут	Кері байланыс	"Ауа райы" әдісі	Сабаққа кері орнату		

Виды и формирование вод суши

ТАЖЕНОВА ГУЛЬМИРА БАКТЫГАЛИЕВНА

*Актюбинская область Кобдинский район Калиновская средняя школа
Учитель истории и географии*

Раздел долгосрочного плана: 3. Физическая география 3.3 Гидросфера	Школа:
Дата:	ФИО учителя:
Класс: 8	Количество присутствующих: Отсутствующих:
Тема урока	Виды и формирование вод суши
Цели обучения, которые достигаются на данном уроке (ссылка на учебную программу)	8.3.3.1 – определяет формирование вод суши
Цели урока	-формировать представлений о формирование вод суши - давать классификацию водам суши -определять расположение вод суши на карте
Критерии оценивания	- Объясняет значение понятий «река», «озёро», «болото», «ледник», «подземные воды» - Анализирует тематические карты и определяет формирование вод суши

Языковые цели	Учащиеся могут: Анализировать географические источники и сформулировать устные/письменные ответы по содержанию. Письменно формулировать вопросы. Лексика и терминология, специфичная для предмета: Воды суши, река, речные системы, озеро, болото, подземные воды, ледники, бассейн реки Полезные выражения для диалогов и письма: <i>Воды суши – это</i> <i>Воды суши формируются</i> <i>Факторы влияющие на формирование рек/озер/болота/подземных вод</i>
Привитие ценностей	Урок направлен на развитие ценностей сплоченности и умения работать в команде, ответственности и лидерства. Привитие ценностей осуществляется посредством установления правил работы в группе, оказания поддержки менее способным учащимся.
Межпредметные связи	Связь с физикой, когда выполняют задание по определению формирования вод суши.
Предварительные знания	- Учащиеся в 7 классе рассматривали темы по разделу «Гидросфера» и могут определить формирование вод суши. - Активизация уже имеющихся знаний осуществляется через парную и групповую работу, в процессе которой учащиеся изучают факторы влияющие на формирование вод суши.

Ход урока

Запланированные этапы урока	Запланированная деятельность на уроке	Ресурсы
Начало урока 0-3 4-10	1. Организационный момент Объединение в группы(цветные карточки) Учитель приветствует учащихся. Здравствуйте, садитесь. Ребята, мне приятно видеть вас , наших уважаемых гостей. Пусть этот урок принесет нам радость от новых знаний и совместного общения! 2. Актуализация знаний. Целепологание Разгадывание кроссворда, где ключевым словом является новый раздел изучения. Вопросы -От него зависит распределение тепла на Земле -Многолетний режим погоды, характерный для определенной местности -Она классифицируется на прямую и рассеянную -Казахстан находится в этом климатическом поясе -Воздушная оболочка Земли -Постоянные мощные ветры, дующие от тропиков к экватору -Название местного ветра -Совокупность всех неровностей земной поверхности -Эта система крупномасштабных воздушных течений над земным шаром -Способность поверхностей или отдельных тел отражать солнечную радиацию Ответы УГОЛ КЛИМАТ РАДИАЦИЯ	презентация Тема, цели обучения и урока

	УМЕРЕННЫЙ АТМОСФЕРА ПАССАТЫ ФЕН РЕЛЬЕФ ЦИРКУЛЯЦИЯ АЛЬБЕДО Обсуждают критерии оценивания. 0-39% - 0-3 баллов 40-64% - 4-6 баллов 65-84 % -7-8 баллов 85-100% -9-10 баллов Совместно с учащимися определяются тема, цели обучения и урока.	
Середина урока 11-20	3. Групповая работа. 1_ группа. <i>Подземные воды</i> 2_ группа <i>Реки</i> 3_ группа <i>Озера</i> 4_ группа <i>Ледники и болота</i> Задание №1. для 1 группы Дайте определение подземным водам. Дайте их классификацию. Расскажите о подземных водах нашей страны. Задание №1 для 2 группы Дайте определение реки. Назовите важные характеристики и элементы реки. Укажите самые крупные реки планеты и Казахстана. Задание № 1 для 3 группы Дайте определение озеру. Дайте классификацию озер по происхождению. Назовите крупные озера планеты и нашей страны. Задание № 1 для 4 группы Дайте определение болотам и ледникам. Определите их классификацию. Назовите самое большое болото в мире. Защита своей работы Дескриптор, Обучающийся	Карты атласа, контурная карта мира, ватман
20-25		
26-33	Дескриптор, Обучающийся - Дает определение и классификацию водам суши - Определяет факторы влияющие на формирование вод суши - Составляет графический конспект по теме	Карты атласа, контурные карты, учебный текст

33-37	№2 задание.Практикум Работа с контурной картой. Нанесите на карту крупные реки и озера планеты 1 уровень Реки: Амазонка, Нил Озера: Каспийское , Байкал 2 уровень Реки: Амазонка, Нил, Миссисипи, Хуанхэ Озера: Каспийское , Байкал, Вехнее, Виктория 3 уровень Реки: Амазонка, Нил, Миссисипи, Хуанхэ, Волга, Янцзы Озера: Каспийское , Байкал, Вехнее, Виктория, Мичиган Каждый учащийся в паре обсуждает, выполненную работу и проводить взаимооценивание по дескрипторам. Дескриптор, Обучающийся - на основе чтения физической карты, оформил контурную карту - условными знаками обозначил крупные реки и озера 5. Закрепление. 1. Назовите все воды суши 2. Назовите самое большое озеро в мире 3. Назовите самую длинную реку в мире 4. Назовите самое глубокое озеро в мире 5. Назовите самое большое болото в мире Домашнее задание: параграф 22, подготовить доп.информацию о реках Жамбылской области	
-------	--	--

Конец урока 37-45	6. Рефлексия «Рефлексивный ринг» Учитель возвращается к целям урока, обсуждая уровень их достижения. Учащиеся по кругу высказываются одним предложением, выбирая начало фразы из рефлексивного экрана на доске: Сегодня я узнал... Я научился... Меня удивило... У меня получилось... Я понял, что... Я попробую... Я теперь могу... Меня удивило... Мне захотелось... Было интересно...	Стикеры или тетрадь
Дифференциация – каким образом Вы планируете оказать больше поддержки? Какие задачи Вы планируете поставить перед более способными учащимися?	Оценивание – как Вы планируете проверить уровень усвоения материала учащихся?	Здоровье и соблюдение техники безопасности
На уроке используется учебная информация с учетом различных типов восприятия информации. (Теория множественного интеллекта по Гарднеру). На этапе закрепления менее способным учащимся предлагаются шаблоны предложения для описания. Дифференциация может быть использована на любом этапе урока с учетом рационального использования времени	Формативное оценивание по заданиям 1 и 2. Диагностическое оценивание на этапе вызова с определением зоны ближайшего развития. На этапе осмысления учащиеся оцениваются по критериям, которые позволяют оценить навык объяснять и анализировать информацию.	Соблюдение техники безопасности учащихся во время групповой работы.

№ R00010 17.02.2022 ж

Махамбеттің Баймағамбетке айтқаны

БАЙМУЛДИНОВА ДИНАРА ОРАЛХАНОВНА

Шығыс Қазақстан облысы, Тарбағатай ауданы, Шорға елді мекені

«Ы.Алтынсарин атындағы орта мектебі» КММ

Қазақ тілі және әдебиеті пәні мұғалімі

САБАҚ: 1		Мектеп: Ы. Алтынсарин атындағы орта мектеп КММ	
Күні:		Мұғалімнің аты-жөні: Баймулдинова Динара Оралхановна	
Сынып: 9		Қатысқан оқушылар саны:	Қатыспағандар:
Сабақтың тақырыбы		Махамбет Өтемісұлы «Махамбеттің Баймағамбетке айтқаны»	
Осы сабақ арқылы жүзеге асатын оқу мақсаттары		9.1.1. 1 - әдеби шығармаға сюжеттік-композициялық талдау жасау. 9.1.2. 1 – әдеби шығармадағы психологизмді анықтау.	
Сабақтың мақсаты:		Оқушылардың барлығы: Махамбет Өтемісұлының өмірімен, халқына сіңірген қызметімен танысады, сюжеттік-композициялық талдау жасайды, көңіл-күй лирикасына мән береді. Оқушылардың көпшілігі: Автор шығармашылығының ерекшелігін анықтайды. Оқушылардың кейбіреуі: Өз ойын қорытындылай отырып, тарихи және көркемдік құндылығына баға береді.	
Сабақтың барысы			
Жоспарланатын уақыт	Жоспар бойынша орындалуы тиіс іс-әрекеттер		Дерек көздер

Сабақтың басы 5 минут 5 минут	1. Ынтымақтастық атмосферасын орнату. а\ Оқушылар «Шаттық шеңберіне» тұрып бір-біріне Махамбет ақынның бойындағы жақсы қасиеттердің бірін тілек ретінде тілейді. ә\ Сынып оқушыларын қима қағаздар арқылы топқа бөлу. 1-топ «Махамбет-ақын» 2-топ «Махамбет-батыр» 2. Ой шақыру. Махамбет шығармашылығының көп қырлылығы туралы сызба бойынша өткен тақырыпты қорытындылап, түйіндеу. <pre> graph TD A[Махамбет кім?] --> B[Қандай ақын?] A --> C[Қандай батыр?] A --> D[Қандай күйші?] B --> E[Не туралы айтты?] B --> F[Кім туралы айтты?] C --> G[Қашан? Не істеді?] C --> H[Кімдерге қарсы соғысты?] D --> I[Қандай тақырыпқа арнады?] </pre> Бағалау түрі: ҚБ «Үш шапалақ» 1. . Мағынаны тану кезеңі. Топтық жұмыс. Айтылым тапсырмасы: Топтық-зерттеу жұмысы Шарты: Әр топ мүшелері төмендегі тапсырмалар Махамбеттің «Баймағамбет сұлтанға айтқаны» шығармасын көз жүгіртіп оқу арқылы мәтінмен танысады. Сұрақтар: Қарапайым сұрақ. Махамбеттің келбеті қалай суреттелген ? Анықтамалық сұрақ. Ақынның Баймағамбет сұлтанға айтқан өлеңі не туралы? Көтерілген мәселені санамалап айтып көр.	kerey.k z сайты
--	--	--------------------------------

Сабақтың ортасы 10минут	3. Интерпретациялық сұрақ. Еділді көріп емсеген, Жайықты кріп жемсеген және Қара қазан, сары бала қамы үшін деген өлең жолдарын қалай түсіндіресіңдер? 4. Шығармашылық сұрақ. Махамбетқандай адам болған ? 5. Бағалау. Махамбет өлеңдерінен өзіңе қандай әсер алдың? 6. Тәжірбиелік сұрақ. Өлеңнен жер-су атауларын теріп көрсет.										
	<table><tr><th>Бағалау критерийі</th><th>Дескрипторлар</th><th></th></tr><tr><td rowspan="3">Шығарманың тарихи және көркемдік құндылығына баға беру.</td><td>1.Жырдан дәлел келтіре алады.</td><td rowspan="2">Оқулық</td></tr><tr><td>2.Жырдан өмірлік қағида шығара алады.</td></tr><tr><td>3.Өз ойын қорытындылай отырып, тарихи тұрғыдан талдау жасайды.</td><td>Қ</td></tr></table>	Бағалау критерийі	Дескрипторлар		Шығарманың тарихи және көркемдік құндылығына баға беру.	1.Жырдан дәлел келтіре алады.	Оқулық	2.Жырдан өмірлік қағида шығара алады.	3.Өз ойын қорытындылай отырып, тарихи тұрғыдан талдау жасайды.	Қ	
Бағалау критерийі	Дескрипторлар										
Шығарманың тарихи және көркемдік құндылығына баға беру.	1.Жырдан дәлел келтіре алады.	Оқулық									
	2.Жырдан өмірлік қағида шығара алады.										
	3.Өз ойын қорытындылай отырып, тарихи тұрғыдан талдау жасайды.	Қ									
10 минут	Бағалау түрі: ҚБ оқушыларды Махамбетке тән жақсы мінезді сипаттайтын сөздермен марапаттау.										
5 минут	2-тапсырма. • Ақынның осы сөзін талдап, түсіндіріңдер Мен шарға ұстаған қара балта едім ... • Осы жолдарды қалай түсіндірер едіңдер? Мен кесекті ердің сойымын, Кескілеспей бір басылман... • Осы жерде ақынның қандай қасиеттері көрінеді? Шамдансам жығар асұмын, Шамырқансам сынар болатын... Ақын ненің биіктігін айтып отыр? Бойың жетпес биікпін, Бұлқа жетпей шарт сынбан... «Ой қорыту». Ортаға сауалдар тасталады. - Бүгінгі күнде Махамбет сияқты қаймықпай сөйлейтін ақындар бар ма? Кімді атай аласыңдар? Неліктен?	Оқулық									

	- Махамбеттің қай қыры басым? Ақындығы ма, әлде батырлығы ма? Ойларыңды дәлелдендер.	
Сабақтың соңы 5 минут	Кері байланыс: Сабақтан не үйрендіңіз? «БББ» кестесі арқылы кері байланыс жасалады. Үйге тапсырма: «Махамбеттің Баймағамбет сұлтанға айтқаны» шығармасының тілдік ерекшеліктеріне талдау. 101-бет, 4-тапсырма.	

№ R00011 17.02.2022 ж

**Сөйлеу тілінде тіл мүкістігі бар балалармен жүргізілетін
түзету жұмыс түрлері мен маңызы**

ЖАРЫЛГАСИНА АЙДАНА РЫМБЕККЫЗЫ

Павлодарская облысы, Май ауданы, Көктобе ауылы.

Көктобе жалпы орта білім беретін мектебінің логопед мұғалімі

Дүние есігін ашқан сәби түрлі дыбыстарды естіп, ажырата бастайды. Адамдардың әңгімесі, жапырақтардың сыбдыры, құстардың сайрағаны секілді. Уақыт өте сол дыбыстарды ауызекі дыбыстау арқылы сөйлеу дәрежесіне жетеді. Егер бала дұрыс, анық түрде дыбыстарды айтып сөйлей білсе, ол оның өз-өзіне деген сенімін күшейтеді, ал керісінше тілінде мүкісі бар бала өзін өзгелерден кем санап, көп сөйлемеуге тырысып, қуыстана бастайды. Ол өз кезегінде баланың тұлға ретінде қалыптасуына кері әсерін тигізетіні анық.

Қазіргі таңдағы еліміздегі және шет елдің ғалымдарының зерттеулері бойынша дамуында түрлі кемістігі бар балалардың саны жоғарылап өсуде. Соның ішінде сөйлеу тілі бұзылған балалардың саны жоғары деңгейде екені анықталды. Біздің басты мақсатымыз - осы балалардың мүмкіндіктерін анықтау, оқыту, тәрбиелеу, түзету жұмыстарын жүргізу.

Тіл мүкістігін түзеуде баламен неғұрлым жиі әрі жеткілікті түрде әңгімелесудің маңызы зор. Өкінішке орай, қара қазан қамымен, нәпақа табу мұратымен жүрген ата-ана балаға көп уақыт жұмсай алмайды. Шыны керек, ертегі айтудың өзі келмеске кетіп бара жатқан жайы бар.

Сондықтан бұл ретте негізгі міндет балабақшалардағы топқа жүктеледі. Шын айтында, екі жасқа дейін баланың былдырлағаны құлаққа жағымды естілсе, ал екі жастан асқан бала әлі былдырлап жүрсе, онда ол логопедтің қарауына қаралғаны жөн.

Тіл мүкістігін түзеуде:

- Тыныс алу жаттығулары;
- Су-Джок терапия;
- Түрлі дидактикалық, қимылды, мазмұнды, сюжетті, рөлді ойындар және шығармашылық жұмыстар;
- АРТ терапия;
- лого-ырғақ жаттығулары ;
- Артикуляциялық жаттығулар;
- Жалпы және қолдың ұсақ моторикасын дамытуға арналған жаттығулардың маңызы зор.

Су-Джок терапия

«Су Джок» терапиясын пайдалана отырып: бұдыр-бұдыр шарлармен, қыры бар қарындашпен екі алақанның ортасына салып айналдыру арқылы жұмыс жасаймыз. Жеке және топпен балалардың өз бетімен саусақтарына массаж жасауға дағдыландырамыз. Мәселен, сырты бұдыр кішкене шар немесе жаңғақты алақанға салып айналдыру арқылы баланың ұсақ моторикасын дамытамыз. Яғни, бұл саусақтарға массаждың бір түрі. Сол секілді карандаш, пластилин, мозайкамен жұмыс та, құмды, қиыршық тасты уыстау, тиындарды іріктеу, көз алдына елестету арқылы ауаға белгілі бір бейненің суретін салу-саусақ қимылын жетілдірудің, ми жұмысын жақсартудың бірден бір жолы.

Арттерапия – бұл бейнелеу өнерімен емдеу дегенді білдіреді. Арттерапия арқылы тұлға бойындағы қабілетін көрсетіп, шығармашылығын шыңдайды. Ал шығармашылық қабілеттер қиялдың байлығымен, ойлаудың ерекшелігімен, заттарға деген сындарлы көзқараспен жаңа шешім және идеяларды ұсыну мүмкіндігімен, өз білімін, икемділігі мен дағдысын іске асыру барысында өмірлік белсенді ұстаным көрсете білуімен сипатталады. Арт терапияға құммен ойналатын ойындар мен дәстүрден тыс сурет салуды жатқызға болады.

Лого-ырғақ жаттығулары бұл - әуен ырғағымен және сөзбен үйлескен қимылдар жүйесі. Түзету жұмыстарында лого–ырғақтың атқаратын маңызы зор. Себебі музыка оқу қызметінде үнемі лого–ырғақтың элементтерін енгізу тілді, жалпы моториканы және үйлесімділікті жедел дамытуға ықпал етеді. Қолдың саусақтары жақсы жұмыс жасауы үшін баланың сурет салып үйренуіне, қайшымен жұмыс жасауына, мозайка, пазлы жинауына, түймелерді тағып, шешуі секілді әрекеттерді атқаруына басымдық беріледі.

Көптеген тәжірибелерге сүйенсек, сөйлеу тілі бұзылған балалардың белсенді қозғалуында жетіспеушіліктер, соның ішінде саусақтың ұсақ моторикасында ауытқушылықтар байқалады. Қолдың ұсақ моторикасы мен қимыл қозғалыстарын дамыту жұмыстары мектепке дейінгі кезеңде де мектеп жасында да маңызды болып табылады. Тіл кемістігі бар балалардың ұсақ қол моторикасын дамытуда қолдың саусақ және буындарына массаж қолданудың маңызы бар.

Балалардың ұсақ моторикасын дамытуда тақпақпен бірге жасалатын саусақ жаттығуларының да орны ерекше. Данышпан қазақ халқымызда бұған да ерекше назар аударған. Мысалы, «Қуырмаш», «Санамақ» т.б. ойындарды ойнатудың баланың ұсақ моторикасын, көру-қозғалыс тепе-теңдігін сақтауда, зейін қою, есте сақтау, санау қабілеттерін дамытуда маңызы рөл атқарады.

Ата-аналар мен тәрбиешілердің ұсақ моторикаға дұрыс көңіл бөлгені жөн. Ойындар, жаттығулар, түрлі тапсырмалар беріліп отыруы керек.

Ұсақ моториканы дамыту барысында біз осы нәтижеге жетеміз:

- 1.Сөйлеу тілі жетіледі.
- 2.Қимыл қозғалыс қабілеті артады.
- 3.Икемділігі арта түседі.
- 4.Логикалық ойлау қабілеті дамиды.
- 5.Танымдылық деңгейі артады.

Ұсақ моториканы дамытудың баланың жалпы дамуында да алатын орны ерекше. В.А. Сухамлинский бала қабілетінің қайнар көзі оның саусақтарының ұшында екенін жазған. Бала қолының қозғалысы қаншалықты епті болса, соншалықты ойлауы, сөйлеуі жақсы дамиды. Барлық жаттығуды баламен бірге жақсы көңіл-күйде орындаймыз, ән айтамыз, жақсы жұмыстарын бағалап, мақтаймыз - бұл өз кезегінде балалардың қызығушылығын оятады. Берілген тапсырмаларды тиянақты орындауға тырысады. Әрбір баламен жеке-жеке жұмыс жасаймыз.

Баланың кедергілерден өту секілді ойынды ұйымдастыру барысында оны сөзбен де, қол шапалақтау арқылы да қолдап тұрған жақсы нәтиже береді. Әрбір бала мақтау сүйеді. Жылы сөз, жылы қабақ арқылы баланың сөзін де, тәрбиесін де түзеуге болады.

Қарапайым жаттығулар барысында балаға түрлі жануарларды таныстырып, олардың жүрісін, қандай дыбыс шығаратынын қайталантқан абзал. Бұл бала үшін әрі қызық әрі керемет жаттығу. Мәселен, мысық қалай жүреді?, ол қандай дыбыс шығарады?- деген сауалдарға баладан жауап алып, оның қимылын бағалауға болады. Бұдан басқа бірнеше жан-жануарларды атап шығуға болады. Ол үшін әрине, балаларға сол жануарлар туралы алдын ала мәлімет беру арқылы оқу қызметін өткізіп алған дұрыс. Сондай-ақ, аталған аңдарды көз алдына елестетуді үйреткен жөн.

Ол өз кезегінде оның логикалық ойлау қабілетін дамытады.

Ойын арқылы баламен қарым-қатынас нығаяды, сенім артады, баланың өз-өзіне деген көзқарасы жақсы жағына қарай өзгереді, көрсем, білсем деген ынтасы, қызығушылығы оянады. Ойын ақыл-ойды дамытатын тәсіл. Сондықтан оны тиімді пайдалану арқылы көздеген нәтижеге жетуге әбден болады.

Ұлттық құндылығымыз-қолөнерге баулу да осы моториканы дамытуда өзіндік рөл ойнайды. Жуан жіптен тоқыманың қарапайым түрін тоқу, түйін жасау, оны тарқату. Аппликация, жапсырма жасау, бір уыс бидай мен күрішті араластырып, балаға оны бөлек ажыратуды тапсыру да әрі қызық әрі пайдалы істің бірі. Бастысы, кез келген тапсырманы баланың қызығушылығын тудыратын ойын түрінде ұсынған дұрыс және тәрбиеші өзінің көңіл күйінің де көтеріңкі болуын қадағалағаны жөн, жағымды эмоционалдық жағдай жұмыс жасау қабілетінің жақсаруына, психикалық тонусының жоғарылауына әсерін тигізеді.

Баламен неғұрлым көбірек сөйлесіп, оны диалогқа тарта білу қажет.

Сол арқылы оның сөздік қоры қалыптасады. Тек баланың дұрыс сөйлеуін ғана бақыламай, тәрбиеші өзінің де құлаққа жағымды, дыбыстарды анық, мәнді етіп айтуына үлкен маңыз беріледі. Шағын ғана қуыршақ театрын, көлеңке театрын, көңілді эстафета ұйымдастырып, балаларды қызықтырып, көтермелеп отыру-тіл мүкістігін түзетуде ерекше рөл ойнайды.

Не десек те, басты нәрсе – ниет пен мүдде. Тәрбиеші мен ата-ана осы ретте мүдделі болса, кез келген кедергіні жоюға, жақсы нәтижеге қол жеткізуге болады. Тәуелсіз еліміздің ертеңі-балғындардың ақылды, өз-өзіне сенімді, дені сау, зерек болып өсуі-ортақ мүддеміз.

Міне осы бағытта біз ең тиімді, ең дамыған, ең керемет тәсілдерді қолданамыз. Өз жұмысымыздың жақсы нәтижесін көргенде, бізден бақытты жан жоқ. Бұл жұмысымызды одан әрі инновациялық тұрғыда дамыта бермекпіз.



Құрлық суларының экологиялық проблемалары

НАЛИБАЕВА АЛМА МАДЕЛХАНОВНА

*Нұр-Сұлтан қаласы М.Шоқай №51 мектеп-гимназиясының
география пәні мұғалімі*

Ұзақ мерзімдік жоспардағы тарау: 2.1. Физикалық география. Бөлім: 3.3 Гидросфера Күні: _____ Сынып: 8 Мектеп: _____ Мұғалімнің аты жөні: _____	
Сабақтың тақырыбы	Құрлық суларының экологиялық проблемалары.
Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме)	8.3.3.5 құрлық суларының экологиялық проблемаларын жіктеп, шешу жолдарын ұсынады (жергілікті компонентті қосымша қамту негізінде).
Сабақтың мақсаты	Құрлық суларының ластану түрлерін білу Құрлық суларының экологиялық проблемаларын жіктеп, шешу жолдарын ұсыну
Бағалау критерийі	Құрлық суларының экологиялық проблемаларын жіктейді; Туындаған мәселелердің себебін анықтайды; Салдарына дәлелдер келтіреді; Мәселенің шығу жолдарын ұсынады; Қорытынды жасайды.
Тілдік мақсаттар	Құрлық суларының экологиялық мәселелерді ауызша сипаттайды, себебін анықтап, салдарына дәлел келтіреді, шығу жолдарын ұсынады, қорытынды жасайды. Пәнге тән лексика және терминология: Ластану түрлері, су ресурстарын қайта тазалау, трансшекаралық, экологиялық апаттар, т.б. Диалогқа және жазылымға қажетті сөздер топтамасы: Құрлық суларының экологиялық проблемаларын түрлерге жіктеймін. Құрлық суларының экологиялық проблемаларының шешу жолдарын ұсынамын.

Құндылықтарға баулу		Жаһандық азаматтық қағидаларын насихаттау, сумен байланысты апат түрлерінің зардаптарын түсіну, орын алған жағдайдағы іс –әрекеттерді қадағалаудың маңыздылығын ұғындыру, үйрету.
Пәнаралық байланыс		Химия,экология
АКТ-құндылықтары		АКТ мүмкіндіктерін пайдалана отырып, оқушылардың білімін толықтыру үшін сілтемелер беріледі. Сілтемелер: 1. Арал теңізі туралы https://www.youtube.com/watch?v=nAuTWxbyjFA 2. Судың ластануы https://www.youtube.com/watch?v=amyop9YQRBQ
Алдыңғы білім		
Сабақтың барысы		
Жоспарланған уақыттар	Жоспарланатын шаралар	Ресурс
Сабақтың басы	Амандасу. Қолайлы орта қалыптастыру. Топқа бөлу. Тірек сөздер ақылы /Экология, ластану, тұщы су/ Оқушылар тірек сөздері туралы ойтүйін жасайды Суретті сөйлет Интертақта арқылы суреттер беріледі,сол суретке қарап, оқушылар өз пікірлерін айтады Сабақ тақырыбын болжау. Сабақтың тақырыбы мен оқу мақсатымен таныстыру. Тақырыпқа қатысты терминдермен жұмыс. Бағалау критерийлерімен таныстыру	АКТ көрсетілім
Сабақ ортасы	(Т) 1- құрлық суларының экологиялық проблемалары 2-су ресурстарын қайта тазалау түрлері 3- Арал теңізінің тартылуы «Фишбоун» әдісі арқылы талдау / 15 минут/. Қорғау: 3минут x 4 топ = 12 минут.	АКТ көрсетілім

	“Фишбоун” әдісі (Оқушылар жаңа сабақты өз беттерімен оқиды, талқылайды, қорғайды)  Бағалау түрі: өзара бағалау жүреді, мұғалімнің қадағалауымен. Қалыптастырушы бағалау Суретте Арал теңізі көлемінің жылдар бойынша өзгерісі берілген. Теңіз көлемінің өзгеруіне әсер еткен негізгі факторды анықтаңыз.  Қандай экологиялық проблемалар туындағанын жазыңыз. • Қазіргі уақытта Арал теңізін қалпына келтіру туралы мемлекет тарапынан жасалып жатқан шараларды қысқаша сипаттаңыз. • Проблеманы шешу жолдарын ұсыныңыз. Дескриптор <i>Білім алушы</i> – теңіз көлемінің өзгеруіне әсер еткен негізгі факторды анықтайды; – экологиялық проблемаларды сипаттайды; – мемлекет тарапынан жасалған игі шараларды атайды; – проблеманы шешу жолдарын ұсынады.	Екі жұлдыз, бір тілек А4 қағазы, маркер, постер, АКТ мүмкіндігіТаратпa материалдар Критериялды бағалау
--	--	--

Сабақ соңы	«Әліпби желісі» бойынша оқушылар бүгінгі өткен тақырып туралы кері байланыс береді. Оқушылар сабақ барысына рефлексия береді. РЕФЛЕКСИЯ НЫСАН  Үйге тапсырма: Қазақстандағы жер асты суларының экологиялық проблемаларын талдаңыз. 1. Қазақстанның жер асты суларына бай аймақтарын анықтаңыздар. 2. Жер асты суларының ластану себептерін жазыңыз. 3. Ластануының салдарын жазыңыз. 4. Ластанудан қорғау шараларына 3 ұсыныс жасаңыз.	АҚТ көрсетілім Таратпа материалдар. АҚТ көрсетілім
Қосымша ақпарат		
Бөліп оқыту – Көбірек қолдау көрсету үшін сіз не істейсіз? Қабілеті жоғары оқушыларға қандай күрделі тапсырма бересіз?	Бағалау – Оқушылардың білімін қалай тексересіз?	Қауіпсіздік ережелері және денсаулықты сақтау
Сабақ барысында барлық тапсырмалар дифференциацияланған реттілікпен беріліп отырады	Сабақ үзілістерінде дене қимыл жаттығулары ұйымдастырылады.	

Ой толғау Сабақ мақсаттары: Оқыту мақсаттары шынайы болды ма? Бүгін оқушылар нені үйренді? Оқыту ортасы қандай болды? Менің бөліп оқытқаным өз мәнінде жүзеге асты ма? Мен өз уақытымды ұтымды пайдалана алдым ба? Мен жоспарыма қандай өзгерістер енгіздім және неліктен?	Төменде берілген бос орынды өз сабағыңызға рефлексия жүргізу үшін пайдаланыңыз. Сабағыңызға қатысты деген сол жақта келтірілген сұрақтарға жауап беріңіз.
Жиынтық бағалау Сабақтың қандай екі сәті сәтті өтті (оқуды да, оқытуды да қарастырғанда)? 1: 2: Сабақтың тиімділігін қандай екі жағдай жақстар еді (оқуды да, оқытуды да қарастырғанда)? 1: 2:	

**Мектеп жасына дейінгі балалардың тілін
дамытудағы ұсақ моториканың маңызы**

МЕДЕУОВА САУЛЕШ АЙДАРБЕКОВНА

*Маңғыстау облысы. Жаңа өзен қаласы
№12 "Рахат" бөбекжайының тәрбиешісі*

Қазіргі таңда ұсақ моториканы дамыту жұмыстарын ерте сәбилік шақтан бастаған дұрыс. Ұсақ қол моторикасы термині саусақтар қозғалысы және қолдың буындарын үйлестіру дегенді білдіреді. Ұсақ моториканы дамытудың маңыздылығы неде? Омыраудағы баланың өзіне саусақтағы бас миымен байланысқан активті нүктелеріне әсер ете отырып массаж жасау керек. Ерте жастан қарапайым жаттығуларды жасауда өлеңмен, тақпақпен ұйқастырылған жаттығуларды пайдалану ұсынылады. Ұсақ моториканың қимылдары мен қолдың икемдігі бас миының құрылымының даму деңгейін көрсетеді. Осыдан келіп қол қимылдарын басқара білу әрекеті пайда болады. Сондықтан ешқашан да баланы мәжбүрлеуге болмайды.

Жалпы моториканың дамуының аздығын, соның ішінде қол қимылының аздық себебін зерттей келе қазіргі заманғы барлық баланың жазуға дайын еместігі немесе тілінің дамуында бір ақау бар екендігі анықталды. Осыдан келе мынадай қорытынды шығаруға болады: егер тілінің дамуында ақау болса, онда бұл ұсақ моториканың мәселесі.

Тіпті баланың сөйлеу тілі қалыпты болған жағдайда бұл қолын басқаруы қалыпты деген сөз емес. Өкінішке орай көп ата-ана қолдың икемі мен ұсақ моториканың даму деңгейінің төмендігін тек мектепке барарда ғана байқайды. Бұл балаға өте ауыр жүк. Жаңа хабарларды қабылдаумен қатар, икемге келмейтін саусақтарымен қарандашпен жазып үйренуі керек. Кішкентай ғана сәбидің қалайтыны қозғалу, қозғалыс- әлемді танудың мүмкіндігі. Яғни, бала қозғалысының дәл және нақты болса, оның әлемді ақылмен тануы да терең бола түспек деп ойлаймын.

Егер сіз 3 жастағы баланың тілінің дамуында ақау болмасын десеңіз, сонымен қатар балаңыздың мектепке барғанда жазуда қиындық болмасын десеңіз ойын – жаттығуларын бала туылған соң екі айдан кейін бастағаныңыз жөн. Ұсақ моториканы дамыту әдістемесі мұндай жағдайда өте тиімді. Омыраудағы баланың саусақтарын уқалауға болады, жас жарымдағы баламен саусақ ойындарын бастауға болады. Мысалы, баланың бас бармағын жаймен сипап отырып, оған былай деңіз: «Саусақ – бала сен қайда болдың?»

Содан соң бас бармақты балан үйрекпен түйістіре отырып, «мына саусақпан орманға бардым», ортан түйрекпен түйістіре отырып, «мына саусақпен бауырсақ пісірдім», деп осылайша жалғастырып басқа саусақтармен де «мына саусақпен ботқа жеп, мына саусақпен ән салдым» деп аяқтайсыз. Балаларға бұл жаттығу қатты ұнайды, уақытты да көп алмайды, ал пайдасы оның өте көп.

Ұсақ қол моторикасын дамыту және қозғалысын үйлестіру әдіс – тәсілдерді ұсынамын:

- саусақтық ойын тренингісі;



- қол мойнына массаж;
- саусақ гимнастикасы, сергіту сәттері;
- саусақ ойынды тақпақтар мен жаңылтпаштар;
- саусақтық театр;
- ермексаз және тұздалған ұннан, табиғи материалдардан жапсыру жұмыстарын мүсіндеу (тұқым, жарма, ұлу қабыршықтары және т.б.);
- сызудың дәстүрлі емес техникасы: қылқалам, саусақ, тіс щеткасы және май шам және т.б.;
- құрылыс жасау: қағаздан, ЛЕГО конструктор;
- бастырмалардың түлері;
- графикалық моториканы дамыту;
- трафаретпен сурет салу;
- суретті аяқтау (симметрия принципі бойынша);
- лабиринттер
- дидактикалық ойындар
- М. Монтессори әдісі
- Кіші заттармен ойнау
- пазл, мозаика қолдану

Қолдың саусақ қызметін анықтайтын бірыңғай ұғым әдебиетте кездеспейді. Десек те оларды жинақтасак: қолға арналған гимнастика, саусақ гимнастикасы, саусақ ойындары мен жаттығулары, саусақ ойын тренингі, массаждар жатады. Бір жастан асқан балалар үшін – саусақ бассейні әдістемесі өте пайдалы. Бір ыдысқа 1 кг бұршақты немесе фасольді төгеміз де ішіне баланы қызықтыратын бір ойыншықты көміп қоямыз. Содан соң оны тауып беруін өтінеміз. Бұл қызықтыру жаттығуы кезінде баладан алыстап кетпеңіз. Себебі ұсақ нәрселерді аузына салып алу қаупі бар.

Мысалы: Саусақ ойындары мен жаттығуларын орындату үшін де әр түрлі тәсілдер қолданылады. Саусақ қозғалыстары әр түрлі қысқа ырғақты тақпақтарымен айтылады.

Ол екіге бөлінеді:

Отырып ойнайтын саусақ ойындары.

Қолдың нәзік бұлшық еттерімен бірге дененің барлық мүшелері қатысып секіру, бір орында жүгіру, қол, аяқ, бас қимылдары да бірге орындалады.

Ұсақ қол қимылдары тек сөйлеумен ғана емес, сондай ақ зейін, ой, оптикалық- кеңістікті бағдарлау, қиял, байқампаздық, көру және қимыл-қозғалысты ес тәрізді сананың жоғары қасиеттерімен өзара тығыз байланысты.

№ R00015 18.02.2022 ж

Балалардың ойын қызметінде дамуы

БАЛГАЕВА АЖАР

Маңғыстау облысы Жаңаөзен қаласы

"№ 12 Рахат бөбекжай" Тәрбиеші

Ойын- мектеп жасына дейінгі кезеңде басталып, адаммен өмір бойы ілесіп жүретін ерекше қызмет түрі. Адамзаттың тарихи даму барысында баланың жеке басын қалыптастыруда ойынның үлкен мәні бар. Балалар оның көмегімен, ортамен өзара байланыс жасау тәжірибесін меңгереді, адамзаттың ғасырлар бойы қалыптасқан моральдық нормаларын, практикалық және ақыл-ой қызметінің тәсілдерін игереді. Ойын баланың психикасында сапалы өзгерістер тудырады: бала зейінінің, жадының қалыптасуына, ойлау, қиялдау қабілетінің дамуына әсер етеді. Балалардың үлкендермен қатар өмір сүруге ұмтылуын бірлесе еңбек ету арқылы ғана қанағаттандыру мүмкін емес, бұл қажеттілікті

олар ойын үстінде ғана қанағаттандыра алады. Өйткені олар ойын арқылы ересектердің рөліне ене отырып, еңбекке араласып қана қоймай, сонымен бірге әлеуметтік өзара қарым-қатынастарға түседі. Баланың бірінші әрекеті ойын, сондықтан да оның мәнісі ерекше. Ойын адамның өмірге қадам басардағы алғашқы адымы. Қазақ халқының «Ойын ойнап, ән салмай, өсер бала бола ма?»-деп айтқанындай баланың өмірінде ойын ерекше орын алатындығын айтқан болатынбыз. Жас баланың өмірді танып, еңбекке деген қатынасы, психологиялық ерекшеліктері ойын үстінде қалыптасады. Ойын кезінде шартты түрде мақсат қойылады, ал сол мақсатқа жету жолындағы іс-әрекет бала үшін қызықты. Ойын балаларға ақыл-ой, адамгершілік, эстетикалық тәрбие берудің маңызды тетігі деуге болады. Балалар ойын барысында:

Өзін еркін сезінеді;

Ізденімпаздық, тапқырлық әрекет байқалады;

Сезіну, қабылдау, ойлау, қиялдау, зейін қою секілді түрлі психологиялық түйсікпенсезім әлеміне сүңгиді.

Ойын кезінде баланың психологиялық ерекшелігі мынадан көрінеді:

1. Ойланады;
2. Эмоциялық әсері ұшқындалады, белсенділігі артады, ерік-қасиеті, қиял-елестері дамиды, баланың шығармашылық қабілеті мен дарыны ұшталады. Ойын үстінде бала бейне бір өмірдің өзіндегідей қуаныш, реніш сезімінде болады.

Ойын туралы тұжырым:

а) ойын-тәрбие құралы, ақыл-ойды кеңейтеді, тілді ұстартады, сезімді шыңдайды
ә) ерік пен мінез қасиетін бекітеді, адамгершілік сапаны жетілдіреді.

б) ұжымдық сезімі қалыптасады

в) эстетикалық тәрбие беру құралы

е) еңбек тәрбиесін беру міндеттерін шешуге көмектеседі

д) бір-бірінен ептілікті үйренеді, өзінің денесін шынықтырады.

Ойын баланың көңілін өсіріп, бойын сергітіп қана қоймай, оның өмір құбылыстары жайлы таным-түсінігіне де әсер етеді. Балалар ойын арқылы тез тіл табысып, жақсы қарым-қатынас жасайды, сол қарым-қатынас барысында:

1. Адамдар іс-әрекеттің жақсы жақтарын аңғарады, жағымды ойындарды үйренеді
2. Жанындағы адамдарды ұнатып, жақсы көре біледі
3. Бір-біріне көмектесе біледі, жанашырлық сезімі оянады, қамқорлық жасай біледі

4. Кешірімді болуға, өзгені ренжітпеуге тырысады.

Ойынға басшылық жасау барысында бұйыруға болмайды. Егерде баланың эмоциясына, қиялына әсер ету арқылы олардың қызығушылығын арттыра түссек, онда баланың құштарлығы өсіп, ойынға құмарта түседі. Балалар ойынында кейде өлең, тақпақтар жиі кездеседі. Осы өлең –тақпақтардың негізгі мақсаты-тапқырлыққа, шапшаңдыққа, ептілікке баулу, қиялына қанат беріп, ойын ұштау.

Ойын-тіршілік нышаны, еңбекке бейімделудің белгісі, денені шынықтыру мен сергітудің құралы. Қазақ халқы «ойын баласы» деп жас баланың ойнауына мүмкіндік туғызып отырған. Ойынның түрлері өте көп. Әрбір ойынның тәрбиелік мақсаттары болады. Мысалы: «асық» ойыны бағдарлыққа, дәлдікке, мергендікке үйретсе, доп ойыны бүкіл дененің тұтас қимылдап шынығуына себепші болады. Ойнаудың түрлерін қауымдасып ойнау, одақтасып ойнау, жеке ойнау деп, ал мазмұнына қарай тұрмыстық ойындар, шынығу ойындары, кәсіптік ойындар, спорттық ойындар деп топтастыруға болады. Қауымдасып ойнаған балалар бүкіл бір ұйымның не ұжымның көлемінде жалпылай ойынға қатысады: мқз айдынында коньки тебу, жалпы жарысқа қатысу, әсіресе одақтасып ойнау кезінде әдептілікпен қатар әділеттілік қажет болады. Жеке ойнау кезінде басқаларға кедергі жасамайтындай әдепті әрекет жасау қажет. Әрине ойын болған соң, шаттану да қажет, бірақ шаттанудың жөні осы екен деп, орынсыз айғайлау, шыңғыру әдепсіздік.

Қарға тамырлы қазағымыздың «Ақсерек-Көксерек», «Ақсүйек», «Орамал тастамақ», «Шілік», «Арқан тарту», «Аударыспақ» сияқты ұлттық ойындары қайрат-жігерді, байқампаздық пен сезімталдықты, «Тоғыз құмалақ» ойыны ойлау қабілетін арттырады. «Бірінші байлық-денсаулық»- дейді халық, ал ойын денсаулықты арттырады. Қазіргі таңда ойынды еңбекпен ұштастырып ұйымдастыру тәсілдері қолданыла бастады.

Мысалы: әртістік ойын және әр түрлі кәсіптің сипатын көрсететін «құрылысшы», «дастархан мәзірі» үй тапсырмасына байланысты «қуыршақтық қойылымдар» т.б. ойындар баланы әрі ойнап, әрі кәсіпке үйретіп, әрі пайдалы нәтиже шығаруға баулиды. «Әлсіз денеге ауру ұялайды» деген дана халқымыз. Ертеңмен тұрып шынығу, сергу-ойынның бастама негізі. Ойындарды еріккеннің ермегі деп түсінуге болмайды. Жұмысы жоқтықтан тумаған. Әр ойынның өзіндік мақсаты, маңызы бар. Олардың көбісі адамның денесін шынықтырып, буынын бекітуге, шапшаңдыққа, алғырлыққа, жүректілікке баулыса, кейбіреулері тіл сындыруға, өзін қоршаған табиғатты тануға, тапқырлыққа баулиды. Ел арасында ең көп жайылған әйкөл, қашпа доп, ақ сүйек, айгөйлек, ақсерек-көксерек сияқты ойындарда халықтың дене тәрбиесінің негізі жатыр. Сондықтан да көптеген ойындарға мазмұны мен жаңа форма беруге атсалысып, халқымыздың ертеден келе жатқан осы қазынасын баға жетпес байлығымызға айналдыруымыз керек.

Қазақтың ұлттық ойындарын түр сипаттарымен мазмұндарына қарай былайша төртке бөлуге болады:

1. Балаларға арналған ойындар
2. Жасөспірімдерге арналған ойындар
3. Бозбалалар мен бойжеткендерге арналған ойындар
4. Үлкен-кішіге бірдей ойындар

«Балалықтың жанына ойын- азық» деп Сұлтанмахмұт Торайғыров атамыз айтпақшы балалар үшін ойын үлкен талқы. Түрлі ойындар кезінде олардың дүниетанымы кеңейіп, мінездері қалыптасады. Туған халқының әдет-ғұрпымен, жақсы дәстүрімен танысады. Рухани тәрбие дегеніміздің өзі де кейбір ұлттық ерекшеліктерді, ана тілін, туған халқының ауыз әдебиетін білуден басталады емес пе?

Ойнайық деп айту өте оңай. Оны қызықты өткізу үшін ғасырлар бойы халық талқысынан өткен ойындардың тәртібін біліп, мазмұнын, мақсатын түсіну қажет. «Ойын-өсіп келе жатқан бала организмінің қажеті», ойында баланың дене күші артады, қолы қатайып, денесі шыңдай түседі, көзі қырағыланады, тапқырлығы, ынтасы артып жетіле түседі. Ойында балалардың ұйымдастырушылық дағдысы қалыптасып шыңдалады, ұстамдылығы мен жағдайларды салыстырып бағдарлау іскерлігі жетіле түседі. Әр түрлі қимылдарға негізделген бұл ойындар өсіп келе жатқан организмінің белсенді әрекеттерге деген қажетін мейлінше толық қанағаттандырады. Қимылды ойындардың айрықша бағалануы балалардың жалпы қимылының жетіле түсетіндігінде. Мұндай жағдайда балалардың түрлі топтағы бұлшық еттері бірдей қызмет етеді де, соның нәтижесінде олар бір қалыпты жетіледі. Алайда қимылдық ойындардың маңызы тек мазмұнымен ғана шектелмейді, олар сондай-ақ балалардың жан-жақты өсіп-жетілуінде үлкен рөл атқарады. Қимылды ойындарда балалар тек жүгірумен ғана тынбайды, біреулерді қуалап жетеді немесе өзін ұстағысы келіп, біреулерден қашып құтылады; ол жай ғана секірмейді, қоянды немесе торғайды бейнелейді. Олар ойнайды, ал сол ойынның процесінде олардың қандай да болмасын бұлшық еттерінің белгілі бір топтары шыныға, жаттыға түседі. Ойынның бұл ерекшелігін П. Ф. Лесгафт жоғары бағалаған. Ол ойындардың жаттығулардан артықшылығын атап көрсетіп, ол ойындардың мектепке дейінгі жастағы балалардың ойын образдарының, сюжеттерінің бала қиялына жақындығынан, сондай-ақ оларда қалыптасқан қоғамдық бастаманың болуы салдарынан деп қарап, оларды балаларға түсінікті де, қолдарынан келетін нәрсе деп есептеген. Сонымен қатар зор тәрбиелік, білімділік күшін көре білді, оны жекелеген гимнастикалық жаттығуларға қарағанда, одан жоғарырақ тұратын күрделі әрекет, баланың жеке басын тәрбиелеудегі ең жақсы құрал деп санады. Ол баланың ойын үстінде сергек те ширақ болатынын, сезімтал келетінін, бар ынтасымен ойынға беріліп кететінін атап көрсетті.

Қимылдық ойындар зеректілікке, байқағыштыққа, зейінділікке, қиялдауға, дұрыс сезімдердің дамуын тәрбиелеуге мүмкіндік жасайды. Бала өзінің тең құрбыларының арасында өзін олармен тең сезінуге тиіс. Ойындағы белсенді әрекет балалардың өз күшіне сенбеушілікті, ұялшақтықты, жасқаншақтықты болдырмайды.

Ойын міндеті ойынның барысында шешіледі, бірақ кейде ол негізгі мақсат болуы да мүмкін ондай жағдайда тәрбиеші ойынды зор тиімділікпен жүзеге асыру үшін оны таңдайды. Қимылды ойындарды пайдаланған кезде дидактикалық принциптерді: қолайлылықты, жүйелілікті, бірізділікті, белсенділікті, парасаттылықты және басқаларды сақтау қажет. Ойын барысында немқұрайлылыққа жол бермеу керек, бұл балалардың қимылды ойындарға қызығушылығын төмендетудің негізгі бір себебі болып табылады.

Тәрбиешілер ойынды көңілді де қызықты ұйымдастырып, балалар «ойынды» үлкен адам «жүргізгенін» сезбейтіндей, шын мәнісінде олармен бірге ойнаған, олардың табысына қуанған, ал сәтсіздікке олармен бірге өкінген жағдайда ғана тіпті сәбилер тобындағы балалардың өзі сүйіп ойнайтын ойындар да пайда бола бастайды.

№ R00016 18.02.2022 ж

КОМПЬЮТЕРДЕ ПІШІНДЕР АРҚЫЛЫ БЕЙНЕ ҚҰРАСТЫРУ

ФАЙЗУЛЛАЕВ ЗАКИРЖАН ШУКУРМУРАДОВИЧ

Түркістан Облысы Сайрам ауданы Манкент ауылы «Ибрагим Ата» атындағы жалпы орта мектебінің информатика пәні мұғалімі

Вариативтік компонент: Қызықты компьютер

Мақсаты: Пішіндерді пайдалана отырып бейне құрастыру. Сурет салуға бейімдеу. Баланың логикалық ойлауын, қиялын дамыту. Тышқаншамен жұмыс жасау дағдысын одан әрі жетілдіру. Компьютерге жұмыс жасауды жалғастыру.



Билингвальды компонент: пішін-фигура

Әдіс-тәсілі: Көрсету, түсіндіру, сурет салу, сұрақ-жауап, «Intelktum» ойыны

Көрнекілігі: Компьютер құрылымдары, пішіндер, слайд

Әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің әрекеті	Баланың әрекеті
Мотивациялық қозғаушы	Шаттық шеңбері Келіндер кәне сендерде Шақырам достық шеңберге Қызықты компьютер көңілді Бізге жақсы дем берді Қол созып күнге міне біз Жақсы тілек айта білеміз Жүректен-жүрекке жылы лебіздер.  ➤ Қазір жылдың қай мезгілі? ➤ Қыс неше ай қонақта болады? ➤ Қыс айларын ата? ➤ Апта күндерін ата	Балалар шаттық шеңберіне тұрып, табиғат анамен, достарымен амандасады. Бір-біріне жылы лебіздер айтады. Балалар сұрақтарға жауап береді.

Іздену ұйымдастырушы	Өткен тақырыпты еске түсірейік: «Компьютер құрылғылары». Компьютер құрылғылырына не жатады? Мен жаңа тақырыпты бастамас бұрын сендерге Уатсис « Ойлан тап» ойынын ойнатқым келіп отыр. Төрт бөлікке бөлінген айна берілген карточканы орналастырамыз.Осы айна арқылы суретте қандай зат бейнеленгенін табамыз. Жарайсыңдар балалар олай болса бүгінгі жаңа тақырыбымыз «Компьютерде пішіндер арқылы бейне құрастыру» Біз компьютерде сурет салмас бұрын жұмыс алаңын сайлап аламыз.Жұмыс алаңының жоғары жағында түстер мен саймандар орналасқан.Бұл жерде бізге керекті сукұйғыш,пішіндер,түс политрасы бар.Ұшбұрыш арқылы біз шырша суретін саламыз. Балалар компьютерге отырамыз. Балалар компьютерге отырмастан бұрын қандай ережені сақтаймыз? Ғажайып сәт. Али мнен Айя келеді Балалар Али мен Айямен амандасады.. Али мен Айя компьютер ережесін сақтай отырып компьютерде сурет саламыз.	Балалардың түрлі жауаптары. Балалар жаңа тақырыпқа қызығушылықпен қарайды. Балалар жауап береді Педагогтің әрбір сөзіне мән береді. Жаңа тақырыпқа қызығушылықпен қарайды. Балалар жауап береді Компьютер ережесін. Балалар көз жаттығуын орындайды.
-----------------------------	---	---

	Сергіту сәті Көз жаттығуы. Балалар ойын ойнағыңыз келе ме? Ойын « Rondo Vario» .Ойында төрт түрлі құрт пен төрт түрлі –түсті геометриялық фигуралар бар  бар.Фигуралардың ортасы тесік және құрттарға бөлшектерді тізу қажет.	
Рефлекті коррекциялау	Бүгінгі оқу қызметімізде не туралы өттік? Қандай пішіндерді білеміз? Шыршаны қандай түспен боядық? Үйді қандай пішіннен жасадық? Қорытындылау.	Балалардың түрлі жауаптары. Алған білімдерімен бөліседі.

Күтілетін нәтиже:

Білуі керек: Пішіндерді пайдалана отырып шырша,аққала,үй бейнесін бейнелеуді.

Болуы керек: Зейіні, сөздік қоры, байланыстыра сөйлеуі.

Баланың қолынан келуі: Сұрақтарға жауап беру;Тәрбиешінің нұсқаулығын орындау; Көз жаттығуын орындау; Берілген тапсырманы орындау.

МАЗМҰНЫ

- *РЫСМУРАТОВА БЕЙБИТКУЛ ЕРГЕШБАЕВНА*
- *ҚАЛАУБАЕВА ЖАНАР ӘДІЛЖАНҚЫЗЫ*
- *МЫҢБАЕВА ҚАЛИМАШ ТУРАКБАЕВНА*
- *БАЛЫМБЕТОВА ЖАДЫРА КОНРАТБАЕВНА*
- *ОРАЗОВА ИЛАН ТУРМЫСКАЛИЕВНА*
- *БЕРДИЕВА КАЛАМКАС ИБРАГИМОВНА*
- *ТАЖЕНОВА ГУЛЬМИРА БАКТЫГАЛИЕВНА*
- *БАЙМУЛДИНОВА ДИНАРА ОРАЛХАНОВНА*
- *ЖАРЫЛГАСИНА АЙДАНА РЫМБЕККЫЗЫ*
- *НАЛИБАЕВА АЛМА МАДЕЛХАНОВНА*
- *МЕДЕУОВА САУЛЕШ АЙДАРБЕКОВНА*
- *БАЛГАЕВА АЖАР*
- *ФАЙЗУЛЛАЕВ ЗАКИРЖАН ШУКУРМУРАДОВИЧ*